Әділет

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

№10 (17). 11 сәуір, 2018 жыл | Газет 2017 жылдың 12 қыркүйегінен шыға бастады | Біздің сайтымыз: adiletgazeti.kz

АСТАНА – ДҮНИЕ ЖҮЗІНЕ ТАНЫМАЛ ҚАЛА



Нұрсұлтан Назарбаев елорданы одан әрі дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Жиында Мемлекет басшысы Астананың құрылысы мен қалыптасу тарихының кезеңдеріне тоқталып, осы үдеріске қатысқандардың барлығы да бұған зор үлес қосқанын ерекше атап өтті.

– Біз бабаларымыздың арманын орындап, Сарыарқаның төрінде астанамызды салдық. Әсем қала тұрғызып, оны бүкіл әлемге паш еттік. Астана бүкіл халқымыздың мақтанышына айналды. Көптеген адам мұнда ауа райы жағдайына қарамай тынымсыз еңбек етті, – деді Қазақстан Президенті.

Елбасы Астананың айрықша мәртебеге ие болып отырғанын және оның әлемдік аренадағы беделі зор екенін айтты.

– Біз тарихи тұрғыдан қысқа мерзім ішінде тиісті инфрақұрылымы бар, миллион адам мекендейтін нағыз мегаполис тұрғыза алдық. Астана – бүкіл жер шарының назарын өзіне аударып, әлемдік деңгейдегі маңызды шаралар өткізе алатын дүние жүзіне танымал қала, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы есепті тыңдап, тартылған инвестиция көлеміне, шағын және орта бизнестің өркендеуіне қатысты қол жеткізілген бірқатар экономикалық көрсеткіштерге оң баға берді.

– Астана – еліміздегі ең қарқынды дамып келе жатқан қала. Тұрғындарының саны 1 миллионнан асты. Халық санының өсуімен қатар тұрғын үй құрылысы да жанданып келеді. 20 жыл ішінде 20 миллион шаршы метр тұрғын үй, 53 жаңа мектеп және 26 аурухана пайдалануға берілді, – деді Елбасы.

Мемлекет басшысы Астананың елімізді және экономикамыздың жекелеген секторларын одан әрі өркендету жолындағы маңызды рөліне тоқталды.

– Қала салу жөніндегі шешімді дұрыс қабылдадық. Астана экономиканы әрі қарай дамыту, халық санын көбейту, ғылым, техника және инновация салаларын ілгерілету ісіне тың серпін берді. Елорда құрылысына жұмсалған барлық қаражаттың қайтарымы болды, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев барша қазақстандықтарды қол жеткізген жетістіктермен шектелмей, «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдау мен «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» аясындағы жұмыстарды жалғастыруға шақырды.

Атап айтқанда, Елбасы шағын және орта бизнес кәсіпорындарының өкілдері арасында жазғы сауда алаңдарын пайдалану ережелеріне қатысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Нұрсұлтан Назарбаев ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің тиімсіз пайдаланылып жатқанына, сондай-ақ көтерме және бөлшек сауда орындарын ұйымдастыруға қатысты проблемаларды да атап өтті.

– 2050 жылға дейін тұрғындар саны Алматыда 2,5 миллионға, Астанада 2 миллионға, Шымкентте 1,5 миллионға жетуі керек. Бұл қалалар өсіп-өркендеу мекеніне айналып, оларда әлемдік деңгейде қызмет көрсетілетін болады. Басқа қалалардың да өздерінің даму бағдарламалары болуға тиіс. Үкімет бұл мәселені зерттеуі қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласына уақтылы бақылау жасауды қамтамасыз ету қажеттілігін айтып, қалада көлік тұрақтарын салу мәселесін қарастыруды тапсырды.

Akorda.kz



Халық қаһарманы – Бауыржан МОМЫШҰЛЫ

**** Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі.***

**** Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген ел – құл болмайды.***

**** Опасыздық – ойсыздық.***

**** Қуыс кеуде болғаннан артық қорқыныш та, қорлық та жоқ.***

**** Бақаның бағынан сұңқардың соры артық.***

**** Намысты нанға сатпа.***

**** Қарабет болып қашқанша – қайрат көрсетіп өлген артық.***

**** Именіп жүріп көрген игіліктен – қарсыласып жүріп көрген бейнет артық.***

**** Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше – шындықтың уын ішін өлген артық.***

**** Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.***

**** Ешкім ішінен батыр болып тумайды: батырлық та, мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады.***

**** Батырлық тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс. Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады. Ал ақылсыз тәуекелді ештеңе де ақтап ала алмайды.***

**** Ата-ана қадірін білмеген – ел қадірін біле алмас,***
Ел қадірін білмеген – ата-ана қадірін біле алмас.

**** Дүниеде баланың у-шуына жетер не бар?!***
Одан асқан сазды әуен ойлап табу мүмкін емес.

**** Тіл – ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі.***

**** Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту.***

**** Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл.***

Жақында Қазақстанның Ұлттық банкі Үкімет отырысында «7-20-25» бағдарламасының жобасын таныстырғаны белгілі. Бас банкир ипотека үлестірумен айналысатын компанияның құрылатын уақытын белгілеп, арзан ипотеканың қалайша берілетінін түсіндірді. Айта кетерлігі, Ұлттық банк басшысы Данияр Ақышев командасы 7 проценттік ипотеканың есебін де жасап шыққан екен. Осыған байланысты, «ҚазАқпарат» тілшісі жаңа бағдарлама бойынша берілетін несиелердің халыққа қаншалықты қолжетімді болатынын сараптап көрген еді.

ЖАҢА ИПОТЕКА ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛА МА?

Ұлттық банктің қазіргі жоспары бойынша алдымен жаңа ипотекалық компания құрылады. Аталған қаржы ұйымы толығымен Ұлттық банкке қарайды. Былайша айтқанда, соның еншілес компаниясы болады. Ал Ұлттық банк жаңадан құрылатын компанияға қаражаттың бір бөлігін құяды, қалғанын ипотекалық компания өзі нарықтан тартады, облигация шығарады және тағысын тағы. Осылайша, нақты бір қаржы қоры қалыптасады. Осы жолмен тартылған қаражатқа халықтың банктен алған ипотекалық несиелері сатып алынады. Соның арқасында жылдық мөлшерлеме 7 процентке дейін төмендейді деп отыр. Алайда жаңа бағдарламаның нақты бір шарты бар. Ол - әрбір азаматтың төлем қабілеттілігі. Бір сөзбен айтқанда, баспана алғысы келетін адамның жалақысы арзан ипотекаға жетуі керек.

«Жаңа бағдарлама әркімге жеңілдік шарттарын береді. Алайда бағдарлама масылдыққа жол бермеуге тиіс. Бағдарлама қарыз алушының төлемге қабілетті болуын талап етеді. Оған ресми кірісі бар Қазақстан азаматтары қатыса алады. Қазір банктермен жаңа бағдарламаның шарттары пысықталуда. Мысалы, үйдің бағасы 7 миллион теңге болса, ай сайынғы төлем 50 мың теңгеден аспайды. Бұл жалпы алғанда жұмыс істейтін Қазақстан азаматтарының көпшілігі үшін қолайлы», - дейді Данияр Ақышев.

Қазіргі жобада баспана бағасы мен ипотекалық заемның шекті сомасы да белгіленіп отыр. Мәселен, Астана мен Алматы қалаларында 7 проценттік ипотекамен алынатын үйдің бағасы 25 млн теңгеден аспауы шарт. Ондайда несиенің шекті соммасы 20 млн теңге (қалғаны алғашқы жарна - авт.) болады. Басқа аймақтар үшін үйдің бағасы 16 млн-нан, ал арзан ипотеканың сомасы 13 млн теңгеден аспайды. Ұлттық банктің есебіне сәйкес, 7 млн теңгелік ипотеканың бір айлық төлемақысы 50 мың теңгеден артық болмаса, 10 млн теңге үшін ай сайын 70 мың теңге төлеп отыруға тура келеді. 13 млн - 90 мың, 15 млн - 105 мың, ал 18 млн үшін ай сайын 125 мың теңгеге шығындалу қажет. Әлбетте, банктердің қазіргі ипотекаларымен салыстырғанда жаңа бағдарламаның шарттары әлдеқайда тиімді. Бұны қарапайым халық та айтады.



Ендігі мәселе - арзан ипотеканың барлығына бірдей қолжетімді болуы. Ресми статистикаға сәйкес, 2018 жылы ақпан айында бір жұмысшының орташа жалақысы 151,5 мың теңгені құрады. Халықтың номиналды кірісі артса да, нақты табысы, яғни тапқан ақшаға тауар мен қызметтерді сатып алу көрсеткіші төмендеді. Демек, бір үйден бір адам орташа жалақы алатын болса, 7 млн теңгенің ипотекасын алуға мүмкіндігі жетеді. Бірақ қалған ақшаға отбасын асырай ала ма, жоқ па, оны айту қиын. Әрине, бүгінде аудандық жерлерде 50-70 мың теңге жалақы алып жүрген адамдар да бар. Ондайда бір үйде екі адам жұмыс істемесе, жаңа бағдарламамен баспана алу қиындау болады. Өкінішке қарай, «7-20-25» бағдарламасында әскерилер, әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтар және тағы басқа санаттар болмайды. Әр адамның жеке төлем қабілеттілігіне баса назар аударылады.

Енді бұл ипотека қашан беріледі дегенге келсек, Ұлттық банк төрағасының орынбасары Олег Смоляковтың сөзіне қарағанда, 7 проценттік ипотеканы беру жұмыстары шамамен жылдың ортасында басталады. «Маусым айының аяғына дейін барлық құқықтық-ұйымдастырушылық шараларын аяқтаймыз деген жоспар бар. Содан шілде-тамыз айларында банктер арзан ипотеканы беруді бастайды. Несиелердің алғашқы пулы жасалған бойда біз оның барлығын сатып алуға кірісеміз», - деді О.Смоляков.

Сарапшылардың сөзіне сенсек, стагнация ескі жылжымайтын мүлік нарығында ғана емес, жаңа үйлер нарығында да байқалып отыр. Сондықтан «7-20-25» бағдарламасы халық үшін де, құрылыс компаниялары үшін де тиімді болатын түрі бар. Дегенмен, бәрін алдағы уақытта бағдарламаның жүзеге асуы, соған орай нарықтың құбылуы көрсететіні анық.

ҚазАқпарат

ҚАШАНДА ҚАНАҒАТШЫЛДЫҚ, ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ, ӨНЕМШІЛДІК КЕРЕК

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша өкілдігі – облыстың бас мешіті жанындағы Ақылдастар алқасы мен облыстық ардагерлер кеңесі төралқасының кеңейтілген мәжілісіне қатысушылардың «Ұлттық салт-дәстүрлер мен діни рәсімдердің сабақтастығын бірізділікке бағыттау мәселелері» бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының халқына арнаған ҮНДЕУІ

Құрметті оңтүстікқазақстандықтар!

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында халқымызды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, туған жерді көркейтуге, жаңаша ойлап. қоғам игілігі үшін ізгі іс жасауға шақырып, барлық рухани құндылықтарымызды жаңғыртуға үндеді. Рухани жаңғыруды басты мақсат тұтқан мақалада халқымызға парасатты ой, пайымды пікір ұсынылды. Рухани жаңғыру ұсынысы арқылы мемлекет басшысы еліміздің тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, болашаққа сеніммен кадам басу қажеттігін нақты айқындап берді.



Біз, Ақылдастар алқасы мен ОҚО ардагерлер кеңесі төралқасының кеңейтілген мәжілісіне қатысушылар халқымыз үшін ұлттық салт-дәстүрлер мен діни рәсімдердің сан ғасырлар бойы қалыптасқан сабақтастығын, бір-бірімен тығыз байланысын ерекше атап өтеміз және рухани жаңғыруды осы тұрғыда жалғастыру қажет деп есептейміз. Себебі. дін мен дәстүр – халқымыз үшін егіз ұғымдар. Өкінішке орай, бүгінгі қоғамымызда дін мен дәстүр сабақтастығы бұрмаланып, жаңсақ пікірлер мен үрдістер орын алып, бара-бара халықтың күнделікті өміріне, тыныстіршілігіне еніп, үйреншікті әдетке айналып бара жатқаны жасырын емес.

3

АКАДЕМИЯЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТ – ЗАМАНАУИ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ



Ермахан ҚЫСТАУБАЕВ,
Шымкент қаласындағы Академиялық инновациялық университеттің директоры

Шымкент қаласындағы Академиялық инновациялық университеті 2008 жылдың 2 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінде тіркеуден өтіп, АБ сериялы № 0062184 шектеусіз мемлекеттік лицензия иеленіп, инновациялық бағыттағы жоғары оқу орны ретінде ашылған болатын. Біздің жоғары оқу орнымыз 1937 жылы қаланған Оңтүстік өлкесіндегі тұңғыш жоғары білім ордасы, 1954 жылы Шымкент педагогикалық институты, 1993 жылдан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институты базасында мұрагер болып құрылған. 2012-2013 оқу жылдан бастап жоғары оқу орындарын оңтайландыру процесіне байланысты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінде тіркеуден өтіп, 2012 жылы 13 тамыздан бері АБ сериялы № 0142761 шектеусіз мемлекеттік лицензия иеленіп, Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті құрамында Академиялық инновациялық институты болып жұмысын жалғастырып келеді. Университет 2017 жылғы 15 мамырда 2022 жылғы 13 мамыр мерзіміне дейін институционалдық аккредиттеуден өткен.

5

САРЫАҒАШТЫҢ ТАУСЫЛЫП-БІТПЕЙТІН ДАУ-ДАМАЙЫ ҚАШАН БАСЫЛАДЫ?

Сарыағаш – ерекше аудан. Былай қарағанда өмір сүруге таптырмайтын қолайлы, сулы, нулы жер. Егіншілік, бау-бақша, көкөніс өсіру қатты дамыған. Күре жолдың бойында. Темір жол да кесіп өтеді. Бір жағы – Шымкент, екінші жағы – Ташкент. Не нәрсені сатамын десе де, сатып аламын десе де, қиналмаса керек. Аталған екі ірі қаланы былай қойғанда, Сарыағаштың өз базарлары да өздері түгілі, өзгелерге де жетіп жатыр. Сарыағаш курортының аты-атағы Қазақстаннан асып, шетелдерге жақсы мәлім болған. Айта берсе, Алла берген ырыс жетерлік. Бірақ...

Көп жылдардан бері осы ауданда дау-дамайдың дүмпуі бір басылмай қойды: Өлтіріп кетіпті! Зорлап кетіпті! Қиянат жасапты! Заңды белден басыпты! Осындай суық хабар бірінен кейін екіншісі Шымкент, Алматы, Астанаға жетіп жатады.

Тіпті адам айтса сенгісіз айуандық та, жауапсыздық пен имансыздық та жиі-жиі төбе көрсетеді. Былайғы жұрт Сарыағаштағы кей ауылдар арық суы мен көп ішуге болмайтын минералды суды қосып, ас-суын, шайын қамдап отырғанына сенбейді де. Бір қызығы, кезінде таза ауыз су үшін ауданға миллиондап, миллиардтап қаржы бөлінген. Сонда да ауыз су мәселесі шешілмеді...

Аудан мектептеріндегі талас-тартыс та қанша жылдан бері өрттей өршіп тұр. Орта мектептердің ҰБТ бойынша көрсеткіштері көңіл көншітпейді. Басқасы басқа аудандық оқу бөлімінің басшылары істі болып, жиі ауысады.

Қанша жылдардан бері аудандағы қордаланған проблемаларға жергілікті билік тарапынан жете көңіл бөлініп, сараптама жасалып, нақты, тиімді жұмысты қолға алынғаны есте жоқ. Әкімдік пен басқа да органдардың қызметкерлері оқиғаны жасырып-жабулауға әуес. Содан шығар, бастықтар ауысады да, проблемалар шешілмей қала береді. Себебі мәселенің тамырына үңілу жоқ, көбісі бетінен қалқиды. Қазір Сарыағаштағы жауапсыздықтардың зардабын аудан тұрғындары ғана емес, алыстағы ағайындар да тарта бастады. Былтырғы жылы Ақтөбе аумағында өртке оранып, талайды ажал құштырған автобустың да жолға Сарыағаш аумағынан шыққаны белгілі...



➢ Бүгін

«Бала зорлау» дауы КЛАНАРАЛЫҚ ТАРТЫСПЕН байланысты ма?

«Бала зорлау» дауы Сарыағаш ауданында білім саласының бетімен кеткенін, жік-жікке бөлінушілік пен мүдделі топтар арасындағы текетірестің ушыққанын көрсетті. Облыс жетекшісі Жансейіт Түймебаевтың өзі бұл жағдайға басын шайқап, аң-таң болып отыр.

330 мыңнан астам халқы бар аудан туралы баспасөзде сын көп жарияланады. Білім саласы қызметкерлері арасында соттасу, парамен ұсталу оқиғалары жетіп артылады. Жалпы, аудан ұстаздары арасындағы моральдық-психологиялық ахуал нашар. Соның бір мысалы, Сарыағашта білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының саны төртеуге жеткен. Осы кәсіподақ басшылығында жүрген азаматтардың арасындағы мүдде тартысы ушығып тұр. Жансейіт Түймебаев өрескел қателіктерге жол бергені үшін білім саласына жауапты орынбасары Ұласбек Сәдібековке қатаң ескерту, аудандармен байланысты әлсіретіп алғаны үшін облыстық білім басқармасының басшысы Исатай Сағындықовқа сөгіс, Сарыағаш ауданының әкімі Қайрат Әбдуалиевке қатаң сөгіс жариялады. Сарыағаш аудандық жергілікті полиция қызметі басшысы Б. Оразгелдиев пен Сарыағаш ауданы Абай ауылдық жергілікті полиция бөлімшесінің басшысы Ә. Ибрагимов, ювеналды полиция бөлімшесінің №73, №74 жалпы орта мектептеріне жауапты полиция инспекторы Қ.Сәриев қызметтерінен босатылды.

Сарыағаш аудандық білім бөлімінің басшысы Б. Майрихов пен №73, №74 жалпы орта мектеп директорлары тергеу амалдары аяқталғанша жұмыстан шеттетілді.

Қазір белгілі болған мәліметтерге қарағанда, зорланды деген бала біраз уақыт сабақтан қол үзіп, мектепке бармаған. Сабаққа келмеген баланың жағдайынан Ө. Жәнібеков атындағы №73 мектептің директоры Убайда Қожагелдиева қаншалықты хабар алған, ол оқушысының зорлануы мүмкін екенін алдын ала білген бе, білсе, заңға сәйкес әрекет еткен бе? Бұл жағы қызметтік тексеру барысында анықталып, тиісті баға берілуі керек. Айтқандай, У. Қожагелдиеваның аты-жөні бұған дейін де қылмыстық істерде аталған. Басты куәгер ретінде. Біздің қолымызға пара алды деген күдікке іліккен Сарыағаш аудандық білім бөлімінің бұрынғы басшысы Мұратбай Махановқа қатысты шығарылған үкім түсті. Осы үкімге қарағанда, былтыр ақпан айында білім бөлімінің басшысы қызметін атқарып жүрген Мұратбай Маханов бөлімдегі әдіскер арқылы Жәнібеков атындағы мектептің директоры Ү. Қожагелдиевадан «құдаламай, директор қызметінде қалдыру үшін» пара алу кезінде қолға түскен. Сотта М. Маханов өзіне тағылған айыптарды мойындамаған. Сот үкімімен экс-басшы мүлкі тәркіленіп, үш жылға бас бостандығынан айырылғанымен, қарауында кәмелетке толмаған баласының болуына байланысты жазаның өтелуі кейінге қалдырылған. Осы үкімде Ү. Қожагелдиеваның ауыр науқастығы ескерілген. Ал оның ісін қарастырған судья Ә. Ибрагимов болса, 2017 жылдың 1 қыркүйегінде Ақтөбе облысы сот алқасының қаулысымен Шымкент қаласының сотына ауыстырылған. Ал Ә. Ибрагимов Шымкент қаласының сотында қызмет атқарып жүр.

Ал шәкірттері бала зорлады деген күдікке іліккен Баласағұн атындағы №74 мектептің директоры Бибігүл Селтанова бұрын аудандық білім бөлімін 20 жылдан астам уақыт басқарған Сапарәлі Селтановтың келіні. С. Селтанов қазір аудандық мәслихаттың депутаты, мәслихаттағы тұрақты комиссияның төрағасы. Оның бір ұлы Бауыржан Селтанов облыстық ішкі істер департаменті криминалдық полиция басқармасының бастығы. Былтыр жасы 91-ге келсе де, кәсіподақ тізгінін бермей келе жатқан Бейсенәлі Қырғызәлиев пен Сапарәлі Селтановтың арасында кәсіподаққа қатысты дау туындағаны, Селтановтың Қырғызәлиевтің ұйымына мүше мұғалімдерді өзіне тартып алып жатқаны жөніндегі арыз Парламентке жолданған екен. Арыздың мәтінін жергілікті газеттер жариялаған. Кейбіреулер Сарыағаштағы жағдайды осы текетіреспен байланыстырады. Тіпті облыстық мәслихаттың депутаттары да ақпарат құралдарына берген сұхбаттарында «бала зорлау» оқиғасының түп-төркінін кланаралық текетіреске апарып тіреп ті. Бұл қаншалықты қисынды? Бейсенәлі Қырғызәлиев те қара жаяу емес. Ұзақ жылдар аудандық мәслихаттың депутаты болған. Оның ұлы Нұралы Қырғызәлиев уақтысында Сарыағаш аудандық ішкі істер басқармасының басшысы, облыстық ішкі істер департаменті басшысының бірінші орынбасары лауазымдарын атқарған.

Білім бөлімінің басшысы болған Сапарәлі Селтанов аудандық сайлау комиссиясының төрағасы қызметін де қоса атқарған. Оның жұмыс істеген уақыты Зағипа Балиеваның Орталық сайлау комиссиясының төрайымы болып істеген уақытпен сәйкес келеді екен. Журналист Амангелді Батырбековтің әлеуметтік желідегі жазбасына сенсек, екі лауазым иесі бір-бірімен қоян-қолтық араласқан көрінеді. Яғни «Зағипа Балиева бұл іске бекер кіріскен жоқ» дегенді келтіреді. Ал Сапарәлі Селтанов ақпарат құралдарына берген мәлімдемесінде Амангелді Батырбековпен уақтысында бес рет соттасқанын жазыпты. Әйтеуір, бір-бірімен шырмауықша байланысып жатқан дүние.

Ал енді бұл жайттың бәрін жеті жастағы баланың зорлануына қалай иіп әкелуге болады? Қисынды ма? Жоқ елде өзара жауласушы тараптар болған оқиғаны өз мақсаттарына пайдаланып қалуға тырысып жатыр ма? Әйтеуір, бейкүнә баланың тағдырын жергілікті кландар ойыншыққа айналдырып кетпесе жарар еді.

Бақытжан ӘБДІРАШҰЛЫ.
Оңтүстік Қазақстан облысы.
"Жас Алаш" газеті,
20 наурыз, 2018 жыл.

➢ Кеше

Ұласбек мырза ұмытқан шығар, ЕСІНЕ САЛАЙЫҚ...



Бұл осыдан он жыл бұрын, дәлірегі 2008 жылдың 20-21 ақпан күндері орын алған оқыс оқиға еді. Сол кезде Сарыағаш ауданындағы Қошқарата, Жүзімдік, Бірлесу, Ақтөбе ауылдық округтеріндегі су тасқынының зардабы аз болған жоқ. Мемлекет, Үкімет тасқыннан зардап шеккендерге қажетті көмекті дер кезінде көрсеткені белгілі. Бұның үстіне кәсіпкерлер, қоғамдық ұйымдар, қайырымдылық қорлары, аймақтар, жекелеген адамдар тарапынан көрсетілген көмектің де қомақты болғаны рас. «Байдан пейіл, кедейден мейір кетпесін!», «Жақыныңа жәрдемдес»» деген секілді қайырымдылық шараларынан да жалпақ жұртшылыққа жәрдем жасалған. Қарғын судан зардап шеккендердің басым көпшілігі, яғни 1453 отбасы баспаналы, үйлі-жайлы болды. Материалдық көмек көрсетілді.

Алайда, келеңсіз кемшіліктердің, әділетсіздіктердің де орын алғанын жасыра алмаймыз. Оған «Азат» Жалпы ұлттық социал-демократиялық партиясы Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалының заңгері ретінде өзім де куә болғанмын. Әр аптаның жұма, сенбі, жексенбі күндері, жалпы екі ай көлемінде осы мәселе бойынша жұмыс істедім. 500-дей үйге акт түздім. Қолымда экспертизалық сараптаманың қорытындылары бар. Сол кездегі Премьер-министрдің де актісі сақтаулы.

Арыз-шағым айтушылардың жанайқайы алыстағы Астанаға дейін жеткен. Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің 2008 жылғы 26 желтоқсандағы нөмірінде Александр Тасболатовтың «Егеменге елден келді» айдарымен «Қиянат жасау да қылмыс» деп аталатын мақаласы жарық көрді. Онда: «ОҚО Сарыағаш ауданына қарасты Ақтөбе, Қияжол және Лесбек батыр ауылдарында топан су алмайтын жер үйлер бар көрінеді. Қабырғалары жарылып, құлау қаупі төнсе де биліктегілер онда адамдарға тұра беруге болады деп шешім шығарған. Содан олардың баспаған жері, шықпаған тауы қалмапты. «Ақпан айындағы су тасқынынан үйлеріміз орасан зардап шегіп, отбасымызға қауіп төнді. Елбасы үйлері жарамсыз болғандарға дереу көмек көрсетуді тапсырды. Біздің үйлеріміз су басқанда қандай күйге ұшырады, сол күйінде қалды. Ал қатарымыздағы өзге үйлер тұрғызылып жатыр. Біз оларға қарсы емеспіз. Өйткені табиғи апат бәрімізге бірдей тиді. Бірақ бәрімізге бірдей Үкімет бөліп отырған ортақ көмектен неліктен біз құр қалуға тиіспіз? Қолында билігі барлар неге алалайды», – дейді» деген дерек-дәйек келтірілген.

Сарыағаш ауданы бойынша аумағы 100 шаршы метрлік 345 үйге 13865242 мың теңге, 80 шаршы метрлік 388 үйге 1286247,5 мың теңге, барлығы 813 үйге 2994550,5 мың теңге қаржы қарастырылған. Бірлесу ауылдық округі Бейсен Әміров елді мекені бойынша 60 шаршы метрлік 32 үй, 80 шаршы метрлік 121 үй, 100 шаршы метрлік 22 үй салу көзделген. Қошқарата ауылдық округі бойынша 60 шаршы метрлік 21 үй, 80 шаршы метрлік 36 үй, 100 шаршы метрлік 43 үй деп көрсеткен. Су басқан үйлердің тізімін төмендегідей деп берген: Жуантөбе ауылы – 39 үй, Максим Горький атындағы ауыл – 38, Жаңа дәуір ауылы – 58 үй, Көгерту ауылы – 20 үй, Лесбек батыр атындағы ауыл – 406 үй, Қаратөбе ауылы – 50 үй, Ақжар ауылы – 16 үй, Көкбұлақ ауылы – 146, барлығы 979 үй жарамсыз болып қалған екен. Бірлесу ауылдық округіндегі жарамсыз үйлер 211 болса, ал жаңадан салынғаны – 175. Зардап шеккен үйлердің тізімі төмендегідей: Бірінші мамыр ауылы – 35, Шынар ауылы – 11, Ұшқын ауылы – 23, Қошқарата ауылы – 30, Алғабас ауылы – 12, Аманжар ауылы – 26, Бесқұбыр ауылы – 17, Жаңа қоныс ауылы – 13, Қара бура ауылы – 26, барлығы – 210 деген мәлімет бар. Осыған қарап-ақ, жан-жаққа берілген мәліметтердің әртүрлі екеніне көз жеткізуге болады.

Мұндай дерек-дәйектер «ала қойды бөле қырыққан» жергілікті атқамінер шенділердің жұмысының жүйесіздігін көрсетсе керек. Қошқарата ауылдық округінің тұрғыны Күлпаш Асқарова, Жүзімдік ауылдық округінің тұрғындары, ерлі-зайыпты мүгедек жандар – Өтешовтер – сондайлардың санатында болған. Түн жарымында келіп, ақ параққа қол қойғызып кеткен өкілдер де кезіккен. Шағым айтушылардың бірі «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының жергілікті өкілінен таяқ жеген. Ақтөбе ауылының әкімі ішімдікке салынып, автокөлігімен адам қағып кетсе де қызметінен алынбаған. Алматы қаласына қоныс аударған тұрғынның төрт бөлмелі үйін жалға алған мектеп директоры балабақша ашып, оған 20 баланы қабылдап, соларға қарау үшін 30 адамды жұмысқа алған. Бұнда қандай сыр бар?!

Суармалы жерлер мен дренаждарды қалпына келтіру жұмыстары үшін де қомақты қаржы бөлініп, 13 мердігермен 432294,62 мың теңгеге келісімшарт түзілген. Атап айтқанда, «СМБ и К» ЖШС-мен бес канал мен бір бөгетті (плотинаны) қалпына келтіру үшін 51136,5 мың теңгеге, «Югтехснаб» ЖШС-мен үш каналды қалпына келтіру үшін 25354,48 мың теңгеге, жеке кәсіпкер «Нұрлыбаев Н. Б.»-мен үш каналды қалпына келтіру үшін 15650,01 мың теңгеге, «Жол құрылыс и К» ЖШС-мен үш каналды қалпына келтіру үшін 20082,58 мың теңгеге, «Жолсерік» ЖШС-мен екі каналды қалпына келтіру үшін 5967,59 мың теңгеге келісімшарт жасалды. Барлығы 41 канал мен 2 бөгетті (плотинаны) қалпына келтіру көзделген екен.

Өз кезегінде Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша салық департаменті бастығының орынбасары Р. Исаевадан 2010 жылы 30 қыркүйекте Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 557 бабына сәйкес «СМБ и К», «Югтехснаб», «Жолқұрылыс и К», «Жолсерік», «Құлтас» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша салық басқармаларында тіркелмегені жөнінде мәлімет алдым. Дәл сол күні Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті бастығының орынбасары М. Махамбетов «СМБ и К», «ИП Нұрлыбаев Н.Б.», «Құлтас» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің ресми түрде тіркелмегенін мәлімдеді. Сонда бүгін бар, ертең жоқ болатын осындай фирмалардың мемлекет есебінен қомақты қаржы алғанына сол кезде тергеу-тексеру амалдарының жүргізілмегені кісіні таңқалдырады.

Жол салуға да қомақты қаржы: 386559076 теңге жұмсалған. Тұрғын үйлерді салып болмастан, күрделі жөндеуден өткізбестен, үйлердің шатырларын материалдармен жылыту, қаптау жұмыстарымен де айналысып, оған да қомақты қаржы 39095212 теңге жұмсалған. Жергілікті биліктің тұрғын үйлерді толық аяқтамастан, осындай «жұмыстармен» айналысқанына таң қалуға болмайтын шығар. Өйткені салынбаған, күрделі жөндеуден өтпеген үйлерде шенеуніктердің өздері тұрмайды ғой. Солай бола тұра олардың: «Қаржы жетпей жатыр», деп ақталғандарын қалай түсінуге болады. Жергілікті тұрғындар көпір, арық, канал, бөгет (плотина) тазалап, жол жөндеп жүрген техникалар мен адамдарды көрмегендерін айтқан. 2008 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасы ҚМ Оңтүстік Қазақстан облыстық инспекциясынан Ә. Жұмашев, Төтенше жағдайлар министрлігінен Н. Құрманбеков, бас есепші Г. Сайдуллаева жұмыстың толық атқарылғаны туралы акті түзген. Тұрғындар пікірі мен өкілдердің мәліметтері бір-біріне қайшы келіп тұр.

Сарыағаш ауданындағы су тасқынынан келген зардапты қалпына келтіру барысында жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері жайында облыс прокурорына шағымдануыма тура келді. Осыған орай 2009 жылы 13 қарашада №7/324 ф-09 жауап хатында облыс прокурорының бірінші орынбасары Ғ. Т. Миразовтан мынадай жауап алдым: «Арызды қарау нәтижесімен су тасқынынан келген зардапты қалпына келтіру мақсатында құрылған комиссиямен залалды анықтау және шығынды өтеу барысында заң бұзушылықтарға жол берілгені анықталды. Сондықтан облыстық прокуратура мен облыс әкімінің атына су тасқыны салдарынан зақымданған үйлерді толық анықтауға, келтірілген залалды өндіруге, елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етуге нақты шара көру үшін заң бұзушылықты жою туралы ұсыныс енгізілгенін хабарлаймын». Бұл жауап та көп жайды аңғартып тұр емес пе.

Облыстық прокуратураның тексерулері алты томнан тұрады. Онда Сарыағашта орын алған көптеген кемшіліктердің төбесі көрініп тұр. Мысалы, су шайған үйлердің жарамды-жарамсыздығын анықтау ісіне құрылыс саласының мамандары тартылмаған. Комиссия мүшелері негізінен ауыл мұғалімдерінен жасақтала салған. Мәселен, комиссия төрағасы Е. Жарылқапов – «Нұр Отан» ХДП мүшесі, комиссия төрағасының орынбасары Е. Рабилов – зейнеткер, Ж. Қонысбеков – комиссия хатшысы Ж. Қонысбеков – мұғалім, комиссия мүшелері: С. Қадірбаев – мектеп директоры, У. Себагимов, Б. Таңқыбаев, О. Төреқұлов – мұғалім, Ш. Ешенқұлов – кәсіпкер.

Бұл не деген сөз? Комиссия мүшелерінің тек мұғалімдер мен зейнеткерлерден жасақталғаны қалай? Олардың шалағай шешім қабылдап, құжаттардағы мәліметтердің түрліше берілуіне қарап, құрылыс саласына ешқандай қатысты жоқ, біліктілігі төмен мамандар екенін аңғару қиын емес. Олар үйдің ішіне кіріп, еденнің астында ұзақ сақталған, іргетасы (фундаменті) жоқ, қабырғасы қам қыштан тұрғызылған үйлер арада біраз уақыт өткен соң суды бойына тартып, зәктеген қабырғалар үгітіліп, іргетасы отырып, жөндеулері жәрдем бермей, сылақтары түсіп қалып, қайта-қайта сылауға тура келетінін түсінбеген. Уақытша қалқиып тұрған үйлерге кірместен, сырттан көзбен шолып, «жарайды» деп, шешім шығарып кете барған. Іргетасы астының топырағы, қабырға кесегі, материалдары алынып, зертханалық тексерудің қорытындысы бойынша тұжырым жасалмаған.

Міне, осындай жағымсыз жағдаяттардың орын алуына қарамастан сондай кемшіліктерге жол берген өкілдердің ешқайсысына шара көрілмеген. Көп арыз-шағымдар қараусыз қалған. Сол кездегі аудан әкімі Ұласбек Сәдібеков алдымен «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары болған. Көп кешікпей Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланған. Мемлекеттік наградалармен марапатталған. Бүгінде Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары лауазымын атқарып отыр.

Бәрін айт та, бірін айт, Ұласбек Сәдібековтің ұмытылмайтындай сырлары осындай. Ал оған әй дейтін әже, қой дейтін қожаның табыла қоятын түрі жоқ.

Тілеулес ДҮЙСЕНҰЛЫ.
Шымкент қаласы.

➢ **Брифинг**

СОТ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЖЕТІ ЖОБАСЫ

Облыстық сотта БАҚ-пен өзара іс-қимыл жөніндегі құрам жетекшісі Т.Смайлова және үйлестіруші-судьялар – Б.Байдуллаев пен В.Мирошников БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізді. Іс-шара барысында тілшілерге Жоғарғы соттың сот жүйесін жаңғырту бағыты бойынша 7 жобасы түсіндірілді.

«Жоғарғы сот Төрағасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы өкімімен Жоғарғы соттың 7 басымды жобасы, сонымен қатар оларды жүзеге асыру бойынша жұмыс топтарының құрамы бекітілген. Жұмыс топтарына сот жүйесін одан әрі дамыту бойынша концептуалдық ұсыныстарды әзірлеуді қамтамасыз ету тапсырылған. Одан әрі даму мақсаты болып сот төрелігіне сенімді арттыру және сот төрелігінің әділдігін, оның жауапкершілігін және тәуелсіздігін, сот шешімдерінің жоғары сапасын және судьялардың біліктілігін арттыру арқылы Құқық үстемдігін қамтамасыз ету анықталды. **Жұмыстың басымдығы** болып «Қазақстан – 2050», «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын, «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын одан әрі жүзеге асыру болып табылады», – деді Т.Смайлова.

1. Мінсіз судья. Мақсаты: Тәуелсіз сот төрелігінің халықаралық стандарттары негізінде қазақстандық қоғамның сұранысына сай жоғары кәсіби сот корпусын қалыптастыру.

2. Үлгілі сот. Мақсаты: 2020 жылға дейін сот төрелігі жүйесіне халықтың сенімін арттыруды қамтамасыз ететін соттарды басқарудың тиімді жүйесін құру.

3. Әділ процесс. Мақсаты: Әділ және бірізді сот тәжірибесін құруды, процестік әрекеттердің ашықтығын және оңтайландыруын, сот рәсімдерінің жеделдігін және жариялылығын қамтамасыз ету.

4. Е-СОТ. Мақсаты: Сот жүйесінің IT-қызметіне жоғары қанағаттанушылық деңгейіне жету.

5. «Оңтайлы орта» бағдарламасы шеңберінде Жоғарғы соттың коммуникациялық стратегиясы. Мақсаты: Халықтың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоғам мен соттар арасындағы тиімді қарым-қатынасты орнату.



6. Сапалы нәтиже. Мақсаты: Сот актісінің беделін, сот ісін жүргізуге қатысушылардың сотқа жүгіну нәтижесімен қанағаттану деңгейін көтеру.

7. Сотсыз татуласу орталығы. Мақсаты: Қоғамдағы даукестік деңгейін төмендету, дауларды сотсыз шешу институттарын дамыту және халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін орталықтарды құру.

* * *

Брифинг барысында БАҚ өкілдеріне сот жүйесіндегі өзге де жаңашылдықтар жайында, облыс соттарында қаралып аяқталған және қаралу барысындағы қоғамның қызығушылығын тудырған немесе тудыруы мүмкін жекелеген істер бойынша комментарийлер берілді.

2018 жылы 1 қаңтар күні кешкі сағат 19.30 шамасында Түркістан қаласындағы, Найманбай батыр және Исабеков көшелерінің қиылысында Ербол Макулбеков бұрынғы заңды некедегі болған зайыбы Акмарал Найзабековамен кездесіп, өздерінің балалары 2010 жылы туған Жасұлан Берістем мен 2012 жылы туылған Айжан Берістемнің көздерінше жерден тас алып, аса қатыгездікпен, жәбірленуші А.Найзабекованың бас тұсынан ұрып құлатып, өзімен бірге алып келген асхана пышағын шығарып, мойын аймағын кесіп, вена мен артерияларды зақымдап, қасақана қаза келтірген деп, оған ҚР ҚК-нің 99-бабы 2-бөлігінің 5-тармағымен айып тағылған.

Бұл ОҚО қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына түсіп, алдын ала тыңдауы өткізіліп, басты сот талқылауы тағайындаған. Іс қаралу үстінде.

* * *

2016 жылдың 25 желтоқсаны күні сағат 12:00 шамасында сотталушы Расыл Әбен Мақтаарал ауданына қарасты «Дархан» елді мекені Жаңақұрылыс көшесінің бойында орналасқан азамат Ш. Елмуратовтың үйінің маңында, араларында бұрыннан қалыптасқан бас араздық және сол күні орын алған өзара жанжал, сондай-ақ оны өзінің туған ағасы сотталушы Шаукат Абенов: - «Осылай таяқ жеп жүре бересің бе, пышақтап тастамайсың ба?» деген сөздер айтып, осы аса ауыр қылмысты жасауға тікелей пиғылда қасақана айдап салуы салдарынан көрсетілген елді мекен тұрғыны жәбірленуші Б. Файзиевтің сол жақ бұғана, сол жақ иық үсті және сол жақ иық аймақтарынан бірнеше рет асханалық пышақпен соққылар беріп, оған адамдар тобы құрамында құққа қарсы қасақана қаза келтірген.

ОҚО қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2018 жылғы 11 қаңтардағы үкімімен Р.Әбен Қазақстан Республикасы ҚК 99 бабы 2 бөлігінің 7 тармағымен және Ш.Абенов Қазақстан Республикасы ҚК 28 бабының 4 бөлігі, 99 бабы 2 бөлігінің 7 тармағымен, әрқайсысы 15 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылған, Бахытжан Есиркепович Кошкаров Қазақстан Республикасы ҚК 28 бабының 5 бөлігінде, 99 бабы 2 бөлігінің 5, 7, 9, 11 тармақтарында, 293 бабы 2 бөлігінің 1 тармағында қарастырылған қылмыс белгілері бойынша оның бұл қылмыстарды жасаған кінәсі дәлелденбегендіктен, ақталған.

Қазіргі таңда қылмыстық іс ОҚО сотының қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасында қаралуда.

* * *

Қаратау аудандық соты Қазақстан Республикасы ҚК 345-бабының 3-бөлігімен айыпталған Жандос Оразалиевке қатысты №1-41/18 қылмыстық іс 2018 жылы 7 ақпанда Астана қаласы бойынша Сараптама институтына қайталама сараптама тағайындау үшін жолданылған. Астана қаласы бойынша Сараптама институтында қайталама сараптама жүргізетін сарапшының болмауына байланысты аталған қылмыстық істі кері қайтарған. 2018 жылы 26 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша сараптама институтына қайталама сараптама тағайындау үшін жолданғанын хабарлайды.

Ә. КЕЛЕСҰЛЫ.

ҚАШАНДА ҚАНАҒАТШЫЛДЫҚ, ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ, ҮНЕМШІЛДІК КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте).

Әрине, өмір болған соң жаңсақ басу да, қателесу де болады. Алайда, ата-бабадан бастап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тура жолдан тайғанға, сүрінгенге демеу болу, жол көрсету – қоғамның, әрбір иманды азаматтың міндеті болып табылады.

Құрметті қауым! Бұл міндет қоғамның зиялылары мен ел ақсақалдарының, имамдардың кеңесімен келісіп жүргізетін іс. Ата салт-дәстүрлеріміз бен дінімізге жат әрі жағымсыз теріс әрекеттерге бүкіл қоғам болып қарсы тұрып, ұрпағымызды адасудан сақтандыруға тиіспіз.

Кез келген мәселеде ауыр жүк алдыңғы буын ағаларымыздың, олардың өкшесін басып келе жатқан орта буынның иығында. «Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүреді». Аузынан аталы сөз ағылып, тентегін тезге салып, сөзге тоқтатар, қоғамды дұрыс жолға бағыттар ақсақалдық дәстүрімізді жаңғыртуымызға көп нәрсе байланысты. Бұл бағытта ел ішінде айтылып та, жазылып та жүр. Алайда, қоғам өмірінде, ұлттық құндылықтарымызға қатысты жат қылықтардан арылып, тазаланып болдық деп айта алмаймыз. Қарызға батып, бейәдеп көріністерге толы той жасау, ысырапшылдық, мақтангершілік, тағы басқа да асыра сілтеушіліктер жас отаудың тұғырын шайқалтпаса, тіктеуіне себеп болып жатқан жоқ.

Біз, елімізде дәстүрлі де қастерлі Ислам дінін өркендетудегі, дін мен дәстүрдің сабақтастығын қамтамасыз етудегі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының (ҚМДБ) еселі еңбегін атап өтеміз әрі қолдаймыз, қуаттаймыз. Қазақстан мұсылмандары Имам Ағзам мазһабы бойынша амал-әрекет жасайды. Бұл – біздің ата-бабаларымыздың сандаған ғасырлардан бері ұстанып келе жатқан сара жолы. Алайда, бүгінгі жағдайда еліміздің мұсылмандар қауымының сана-сезімінде адамдардың қайтыс болуына байланысты рәсімдер өткізу мәселелеріне катысты кейбір көзқарастарды, іс-әрекеттерді ҚМДБ-ның ұстанымдары мен үйлесімділігі негізінде қайта қарау, реттеу және жаңғырту қажет деп есептейміз. Себебі, жаназа жиындарымыздың өзі тойдан қалыспайтын дәрежеге жетті десек, артық айтқандық емес. Қазаның артын күтумен байланысты рәсімдерді өткізу бәсекеге айналып, тілекке ұқсас сөз айтылатын жиналысқа, аста-төк дастарқан жаю жарысына айналуда.

Кей жерлерде жаназа намазы оқылмай және мәйіттің жамбасы жерге тимей жатып ас тарату әлі де орын алып жүр. Бұл дінге де, дәстүрге де қайшы әрі қайтыс болған адамның жақын туыстары қайғы ұшып жатқанда өте ерсі көрінетіні айқын. Сондықтан, Оңтүстік Қазақстан облысының мұсылман тұрғындарын және ел ағаларын Ислам діні талаптары бойынша қайғылы отбасында қазалы күн ішінде ас беруге тоқтау салуды ұсынамыз. Қазалы үй иелеріне тамақ әзірлетіп, кісі күттіріп қою – күнә. Ондай адамдардың қазасына ортақтасып, көңіл айту, қол ұшын беріп, сабырға шақыру, қайғы-қасіреттерін жеңілдетуге әрекет жасау – сүннет. Сондай-ақ, оларға тамақ әзірлеп апарып беру, алыстан келген қонақтарды ас-сумен қамтамасыз етуді туған-туыстары, жора-жолдастары немесе көршілері жасағаны дұрыс. Ислам діні мен ұлттық салт-дәстүрлердің тығыз байланысы негізінде қайғы түскен отбасында құдайы ас (жетісі, қырқы, жылдығы) дастарқаны барынша қарапайым болғаны абзал. Шығарғаттың ысырапшылдыққа, мүмкіндіктен тыс қиындыққа негізделген ас та төк ас, құдайы тамақ беруді міндеттемейтініне баса назар аударамыз және садақа астың ұзаққа созылған жиналысқа ұласуын құптамаймыз.

Кейбір жағдайларға молдаларымыз асқа жиылғандарға тыңдары жоқ уағыз айтып, өзгеге үлгі болатын сипаттан айырылуда. Есесіне жаһандану үрдісімен келген теріс пиғылды діни идеология жастарымыздың санасын улап, ұлттық құндылықтарымыздан, ата салт-дәстүрлерімізден алшақтатуға, соқыр сенімге баулуға әрекеттеніп бағуда. Сондықтан имамдар тарапынан айтылатын уағыздарды ұзын-сонар әңгімеге айналдырып, көпшілікті мезі етпей, халықтың назарын өзіне аудара біліп, құлаққа сіңімді де жағымды дауыспен қысқаша жеткізген дұрыс.

Ұлттық құндылықтар адами құндылықтардан құралады. Адами құндылығын жоғалтпаған әрбір адам өз болмысын, өз тілін, өз дінін, өз ортасын, өз отбасын, өз қоғамын, өз ұлтын, өз Отанын сақтап қалатынын ешқашан ұмытпауымыз керек, құрметті қауым!

Мешіттеріміз бен оларды басқарушы имамдарымыз, көзі ашық, көкірегі ояу зиялы қауымымыз, жалпы қоғам болып ұлттық құндылықтарымызға теріс пиғылды діни ағымдардың зияндылығын тигізбеуге, дін мен дәстүрді қайшы қоймауға жұмылғанымыз абзал. Елбасымыздың: «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді», – деп айтқанын әрдайым жадымызда сақтап, жалпы өміріміздегі, соның ішінде тойдағы немесе кісі қайтыс болғандағы ысырапшылдыққа, жаназадағы жөнсіз әдеттер мен әрекеттерге тосқауыл қойып, ортақ тәртіпке бағындырудың уақыты келді деп есептейміз, ардақты ағайын.

Ұлтымызда «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген даналық сөз бар. Өкінішке орай, жергілікті жерлердегі мазараттарды тазалау, жан-жағын қоршап, қолайсыз ауа райына байланысты зиярат етушілерге арналған бастырмалар орнату, абаттандыру мақсатында су жүйесі мен электр желісін орнату, баратын жолды ретке келтіру, мәйіт таситын арнайы автокөлікпен қамтамасыз ету сияқты шаралар әлі де жөнді қолға алынбай келеді. Бұл жұмыстарды облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттар мен әкімдіктердің назарына ұсына отырып, мемлекет және қоғам болып қолға алуға үндейміз.

Мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтің **«Дін – ұстай алсаң қасиетің, ұстай алмасаң қасіретің»** деген керемет даналық сөзі бар. Әсіресе, бүгінгідей алмағайып заманда тазалық пен адалдыққа, имандылық пен отаншылдыққа үндейтін асыл дініміздің орны ерекше маңызға ие болуы қажет.

Біз, мәжіліске қатысушылар, жергілікті халықты діни рәсімдерді атқару барысында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы бекіткен Жаназа пәтуасын басшылыққа алуға және осы рәсімдерді өткізу кезінде ҚМДБ-ға қарасты имам-молдалардың қызметіне ғана жүгінуге, ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен діни рәсімдердің бірізділігін сақтау мақсатында осы Үндеуде айтылған мәселелерді жүзеге асыруға шақырамыз.

Қадірлі қауым!

Елбасымыздың «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет» деген өнегелі сөзін есте сақтай отырып, ең бастысы – санадан сабыр, жүректен иман кетпесін дейміз, қадірменді қауым!

Үндеу Ақылдастар алқасы мен облыстық ардагерлер кеңесі төралқасының кеңейтілген мәжілісінде қабылданған.

Шымкент қаласы, 24 ақпан, 2018 жыл.

Бұл Үндеу жер-жерде жұртшылықтан қолдау тапты. Сондай-ақ ол Шымкент қаласындағы Еңбекші аудандық Сейіткәрім қажы мешітінде де талқыланып, ондағы айтылған мәселелерді алдағы кезде рет-ретімен жүзеге асыру жайы сөз болды.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің арасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кедергілерден айығуды міндет етіп қойды. Сыбайлас жемқорлықпен күрес те үздіксіз жүргізіліп келеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту мәселесі Елбасы жариялаған бес институционалдық реформаларды жүзеге асырудағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарынан да орын алды. Осы ұлт жоспарының 13-қадамында «Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, сонымен бірге жаңа заңнамалар әзірлей отырып, Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылымында жемқорлық құқық бұзушылықтың жүйелі түрде алдын алу және сауықтыру үшін жемқорлыққа қарсы арнайы бөлім құру» деп нақтыланған. Аталмыш қағидаттардың нәтижесінде 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңы қолданысқа еніп, сыбайлас жемқорлықпен күресудің негізін құрап отыр. Осы заңға сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресудің жаңа қағидалары мен механизмдері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жаңа жүйесі енгізілді.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты мен міндеттері қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жойып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту – бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Сыбайлас жем-қорлық – өте қауіпті, жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі болып табылады. Сондықтан, мемлекеттік қызметкерлердің қатарын мемлекеттің мүддесін жоғары дәрежеде қорғай білетін кадрлармен толықтыруды, кездейсоқ адамдардың мемлекеттік қызметке кіріп кетпеуін қамтамасыз ететін қосымша жан-жақты шараларды күшейту қажеттілігі күн санап артып келеді.

Л. СМАИЛОВА.
Әл-Фараби ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының мәжбүрлеп өндіру бөлімінің бас маманы.

ТЕРГЕУ СУДЬЯСЫ – МӘРТЕБЕЛІ ЛАУАЗЫМ

«100 нақты қадам – қазіргі заманғы баршаға арналған мемлекет» Ұлт Жоспарының 22-қадамын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы №620 Жарлығымен еліміздің 14 облысында және Астана мен Алматы қалаларында мамандандырылған тергеу соты құрылғаны белгілі. Жалпы, соңғы жылдардағы сот жүйесінде орын алған өзгерістерге көз салсақ, Қазақстан Республикасында Тергеу судьясы институты 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап, яғни ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып енгізілді. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексіне де сәйкес толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, тергеу судьясы дара процестік тұлға ретінде анықталды.

Тергеу судьясы бірінші сатыдағы соттың судьясы, ол тұрақты судьялар қатарынан анықталады. Тергеу судьясы ретінде біліктілігі жоғары, жеткілікті жұмыс өтілі бар судья таңдалады және оның өкілеттігі әр жыл сайын сот төрағасының өкімімен бекітіліп отырады. Дегенмен, тергеу судьясы Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңына сәйкес және қылмыстық құқық аясында судья өкілеттігін атқарады және сот әділдігін жүзеге асырады. Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында тұлғаның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандығын қамтамасыз етуге бағытталған қызметті атқарады.

Тергеу судьясының өкілеттігі Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 55-бабында көзделген. Мәселен, тергеу судьясы сотқа дейінгі іс жүргізу барысында орын алған процестік әрекеттерді санкциялап, оларға рұқсат береді және де бұл әрекеттердің жүргізілуінің заңдылығын тексереді. Сонымен қатар кодексте 2017 жылдың 21 желтоқсанында енгізілген толықтыруларға сәйкес тергеу судьясына жасырын тергеу әрекетін жүргізуді және оның мерзімдерін ұзартуды санкциялау, сондай-ақ адамды оған қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері туралы хабардар ету мерзімін ұзартуға, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының адамды оған қатысты жүргізілген жасырын тергеу әрекеттері туралы хабардар етпеуіне келісім беруге санкция беру құқықтары жүктелгені мәлім. Бұл мәселелер 2018 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілді. Бұл ретте тергеу судьясы өз құзыретіне жатқызылған мәселелерді сот отырысын өткізбей, жекедара қарайды. Егер заңды және негізделген шешім шығару үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу қажет болса, тергеу судьясы тиісті тұлғалардың және прокурордың қатысуымен сот отырысын өткізу туралы қаулы етеді.

Қазіргі таңда сот тәжірибемде туындаған мәселелер бойынша прокуратура, құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен семинарлар, «дөңгелек үстел» мәжілістері өткізіліп, тергеу судьясының қызметін жандандырудың тетіктері сараланып, бірізді тәжірибе қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Жалпы алғанда, қоғам мен заман талабына сәйкес жүргізіліп отырған реформаларды, соның ішінде тергеу судьясы, тергеу соты тұрғысындағы өзекті ерекшеліктерді – сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу барысында заң талаптарының сақталуына, адамның Конституциялық құқықтары мен бостандықтарын негізсіз шектеуге жол берілмеуіне бағытталған іс-шаралар деп түсіну қажет. Бұл орайда Қазақстан Республикасының сот жүйесінде жүргізіліп отырған реформалар азаматтардың, қоғамның сотқа деген сенімінің артуына, азаматтардың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сот тарапынан Халықаралық стандарттарға сай барынша қорғалуына кепіл беретіні айқын.

Талғат ОҢҒАРБАЕВ,
Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы.

Аңызға айналған АБЫЗ



Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,
жазушы

Хамза ағамның жанында көп жүрдім, көп нәрсені үйрендім. Ол кісі қара тілдің майын ағызатын нағыз шешен, той-жиында сөйлеп кетсе бүкіл елді ұйытатын ақсақал, ақ батасы қабыл болатын абыз, сұңғыла шежіреші, жыршы, термеші, ғажап жырау болатын.

Туған еліне, халқына бір кісідей қызмет еткен Хамза қажы Тілеубайұлы Екейбаев асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы атанған тұлғалы азамат көзі тірі болғанда биыл 90 жасқа келер еді. Ауыл-аймаққа сыйлы, халқына қадірлі абзал азамат, текті атаның жалғасы, атақты Қарасай батырдың ұрпағы, соның ішінде Көшектен тараған.

Хамза қажы Екейбаев 1928 жылы 23 ақпанда Алматы облысы, Қаскелең (қазіргі Қарасай) ауданы 1 Май ауылында дүниеге келген. 1936 жылы осы ауылдағы мектепке барады, мектепті бітірген соң 1944 жылы Кузбасс кен-металлургия комбинатына ФЗО-ға оқуға түседі. Теміртауда қазақтың тұңғыш Магниткасын ашуға қатысады. 1946 жылы Теміртау Магниткасы ашылғанда, алғашқы іргетасын қалаған кеншілердің бірі.

1946 жылы әскер қатарына шақырылып, Жаркентте шекара сақшысы болып қызмет атқарған. Кеңестер Одағы армиясы қатарында әскери борышын өтеп қайтысымен Хамза Тілеубайұлы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Университет бітірген соң қоғамдық тәртіп сақшысы қызметін атқарады. Қарағандыда 45 жыл қызмет істеп, қатардағы милиционерден полковник дәрежесіне дейін көтеріледі. Еліне жасаған адал да, абыройлы, жемісті еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, бірнеше медаль, грамоталармен марапатталған.

Еліміздің игілігі үшін табандылықпен, мақсаткерлікпен еңбек етіп, қандай лауазымда болса да өзінің терең білім мен бай тәжірибесін еліміздің дамуына және өркендеуіне жұмсады. Өз бойындағы мақсаткерлік пен пәрменділік, азаматтардың мұқтаждығына қамқорлықпен қарау секілді адамгершілік кең мінез бен сергектік сезіміне тән жан еді.

Хамза ағаның кір жуып, кіндік кескен жері – Кеңес өкіметі кезінде 1-Май ауылы деп аталды.

Бекболат Әшекеевтің есімін мәңгі қалдыруға күш-жігерін жұмсаған Хамза аға батыр бабаның әруағына бағыштап ас берді. 1 Май ауылын – «Бекболат» ауылы деп атау жөнінде көп күш жұмсады. Бекболат батырдың ақылгөй-кеңесшісі болыс Сәт Ниязбекұлына да Қарғалыда ас бергізді.

Хамза қажы Екейбаев Қазақстан Қажылар қауымдастығының төрағасы болып қызмет істеген.

Хамза ағаның төгілтіп, көсілтіп берген ақ баталары қандай еді десеңізші!



Күмбірлейді домбыра.

* * *

Хамзекеңнің ұл-келіні Алмас пен Сәуле үйленіп, отау көтергеніне он жылдың жүзі өтсе де ерні жібіп, сәби сүйе алмай қатты қиналды. Екі жастың бір-біріне деген ықыласпейілі, сезімі мен сүйіспеншілігін көріп, ата-аналары да бұл жөнінде әңгіме қозғауды артық көретін.

Табиғат заңы өсіп-өну, көбею ғой. Бақыт – ұрпақ әкелу, оны қатарынан кем етпей өсіру.

Алмастың анасы Роза ақыры бір шешімге келіп, жолдасы Хамза қажыға:

– Хамзеке, биыл Меккеге барамын. Екеулеп мына Алмас пен Сәулеге нәресте тілейік. «Алладан шын сұрасаң, бермесі жоқ» деуші еді, – деп тілек білдірді.

– Бәрекелді, ақсарыбас атап, жолға жиналайық! – деді Хамза қажы да.

Хамза ағай бұрын Меккеге екі рет барған. Енді зайыбы Розаны ертіп, үшінші рет жолға шыққан еді.

Қасиетті жерге келген соң Қағбаның қара тасын сүйіп, құшақтап тұрып: «Иә, Алла, пендем десең Алмасым мен Сәулеге бір перзент бере гөр», – деп тілегенде көздерінен парлап жас моншақтады.

Алланың рақымы қандай кең десеңші, бұлар келісімен үйдегі Сәуле келіні көп ұзамай жүкті болып, дүниеге егіз бала – бір ұл, бір қыз әкеледі.

Үйленгеннен кейін он жыл өткенде бірден егіз нәресте әкелу – өте сирек құбылыс.

Қажы атасы Құран-кәрімде аталатын Рахым, Малика деген есімдерді берді екі немересіне.

Осы ақ жол, ақ тілекпен дүниеге келген қос бөбектің бір жасқа келіп, тәй-тәй басқан тұсаукесер тойы өткізілді. Бұл той спиртті ішімдіксіз, тек қымыз бен шұбат, қазақы дастарқан мәзірімен-ақ өте көңілді, сән-салтанат рәсімімен өтті.

Генерал Ахмет Тұмарбеков және Ізбасар Балтағұлов, Әукен Ағатаев, Еркеш Мамиев және басқа да ел ағалары жаңа ғана тәй-тәй басқан екі бүлдіршінге ақ баталарын беріп, XXI ғасырда тәуелсіз еліміздің тұлғалы, рухы биік азаматтары болып өсіңдер деген тілектерін айтты.

Халық әртісі Ескендір Хасанғалиев ағамыз жаңа ғасыр алдында шығарған «Боташым» атты жаңа әнін тұңғыш рет осы балаларға арнап орындап берді.

Рахым мен Маликаға қазақша ұлттық киім кигізіп, бұл тойдың ұлттық тағаммен, ән-күймен, салт-дәстүрмен өткізілуі ел-жұртқа үлгі боларлықтай игі емес пе?

* * *

Қоғам қайраткері Кеңес Аухадиев аға былай деп еске алды:

Дарынды адамдардың, мысалы, ақын, жазушы, әртіс, суретшілердің құдай берген қабілеттері көп. Оның өзі тарих. Тағдыры қызық тарих. Біздің Хамза ағаның еңбек жолы ерекше. Хамза аға да дарынды адам.

Қарағандыда көп жылдар бойы ішкі істер бөлімін басқарған еңбекқор, алдындағы асын адал ішетін азамат ретінде танитынмын. Құқық қорғау органдарында істеу оңай шаруа емес. Соның ішінде абыройлы қызмет істеу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Хамза аға елмен тіл табыса біледі, қай жерде жүрсе де абырой жинаған азамат.

Кеңес өкіметінің кезінде үлкен қызметтің тізгінін ұстағандар өз заманында ғана даңқты болады да кейін зейнетке шыққан соң аты-жөні ұмытыла бастайды. Хамза ағаның абырой-атағы керісінше зейнетке шыққан соң асқақтай бастады. Мұның өзі біліктілік, білімділік, қажырлы еңбектің жемісі, нәтижесі.

Хамзекең домбыра тартып, өлең айтқанда, әсіресе Сүйінбай мен Жамбыл атамыздың жырларын қырық құбылтып, нәшіне келтіре орындағанда арқаң қозып, домбыра ұстағың кеп кететінін талай байқадым.

Той-томалақта ғана емес, алты алаштың басы қосылған алқалы жиындарда ең бірінші халқымыздың ауызбірлігін айтады. Негізі, Хамзекең тарихшы, тарихты жақсы білетін адам. Жүрекке ұялайтын сөзді жалпылама, жадағай айта салмайды. Шежіренің түйінін шешіп, тарихтың қойнауына сүңгіп, арғы-бергіні қозғап, дәлел мен уәж келтіріп сөйлегенде сары майдай еріп жүре бересің. Біліміңе білім қосып, бір байып қаласың. Бар адамды бауырына тартып, баулып сөйлей алатын қасиетті қазақ. «Біздің қазақ үш жүзге бөлінген. Не үшін? Жанжақтан анталаған жауға қарсы тұру үшін үш топқа, үш жүзге бөлінді. Әскери тілмен айтқанда, үш жүзге бөлінудің өзі стратегия, тактика! Яғни, біздің қазақтың үш жүзге бөлінуі – бірігуінің басы» деп тосын пікір айтқанын естідім.



Ізін басқан інісі Бақыт Оспанов Хамза ағаның үйінде.

«Адам – адамға дос, жолдас, бауыр» деген сөзді бала кезден жаттап өстік. Ол қағиданы алғаш рет коммунизмнің моральдық кодексінен оқығанбыз. Сөйтсек, ондай бағалы сөздің бәрін шариаттан алғанын кейін аңғардық. Үш мәрте қажылыққа барған Хамза ағаның тұла бойы тұнған өсиет.

Белгілі мемлекет қайраткері Бақыт Оспанов ағасы туралы былай деп сағына еске алады:

Хамза ағаның өн бойындағы тамаша мінездері, батагөй даналығы – Үшқоңырдай қайталанбас туған жерінің киесі, әруақты ата-бабасының асыл қасиеті.

Бірде – қуаныш, бірде – мұң өмірдің талай белестерін артқа тастап, ескі ғасырдың алтын көпіріндей болған аяулы да асыл аға, елінің ертеңін ойлаған парасатты жан, қашанда өнегелі үлгісі, биік тұлғасымен алдымыздағы асқар Алатауымыздай, көненің көзі – асылдың сынығындай көрінеді.

Дана халқымыздың дәстүрі бойынша еліңде кімің бар деп сұрайтын елміз.

«Мына біз, інілеріңіз, кіндігіміздің қаны тамған туған жерімізде ақыл парасатымен, кісілік қасиетімен ел құрметіне бөленген асыл ағамыз Хамза бар!» деп мақтанышпен айта аламыз.

Ата-баба асыл мұрасының алтын арқауын жалғап жүрген Хамза ағаның айтулы өмірін ұрпақтары әлі талай аңыз етері анық, ал оның сан мәрте куәсі болған, тәлім-тәрбиесінен нәр алғандар мақтан етері хақ.

* * *

Мұндай ақжарылқап жақсы пікірлер көп айтылады, ел-жұрты ол кісіні құрметпен еске алады.

Асыл ағаның көзі тірісінде белгілі тележурналист, жазушы Доғдырхан Тұрлыбек екеуміз Хамза қажыдан ән-жырларын жазып алуды жоспарлап, келістік. Бүкіл оператор, режиссер бәріміз үйіне барып, Хамза ағамызды бір күн жаздық, екі күн жаздық. Кейбір жерлерін қайталап жазуға тура келді.

Ақыры бір айдай жүріп «Сүйінбай – өлең сөздің қызыл желі» деген 4 деректі фильмге арқау болған хабар түсіріп алдық. Бұл хабарларға біз жазып алған қосымша жырлар қаншама!

Біз ағамыздың көл-дариядай ағыл-тегіл жырларды жатқа, мәнеріне келтіре орындайтындығына тәнті болып, таң қалдық! Ғажап дарын! Өзі домбырада да, баянда да, мандолинада да ойнайды. Сүйінбай, Жамбыл, Үмбетәлі, Шөже, Майлықожа және тағы басқа ақын-жыраулардың ғибрат болар өлеңжырларын түйдек-түйдегімен айтқанда бұрын қанша оқып жүрсек те тұшынбаппыз-ау, мынау деген сомсом алтындай санамызда жаңғырып, ақын-шайырларды жаңа қырынан танығандай боламыз.

Сүйінбай ұлы ақын ғой, ол сол ұлылықты ұлықтай білген, халық жүрегіне жеткізе білген Хамза ағамыз да қасиетті жан-ау деп ойға қалдық.

* * *

... Қайрат інім әкесі Сатыбалдының қайтыс болғанына 20 жыл толғанына орай Астана түбіндегі Қосшы ауылындағы үйіне құдайы тамаққа шақырды. Сол үйде қонып шығып, ертеңіне сол ауылда Қайраттың демеушілігімен салынып біткен мешіттің ашылу рәсіміне қатыстық. Бұл қасиетті орынға атақты батыр Қанжығалы Бөгенбай есімі беріліпті.

Тоқсаннан асқан қарт зейнеткер Б.Мұстафин, қайраткер-жазушы Ш.Мұртаза және басқа да елге танымал азаматтар сөз сөйлеп, Қайратжанның имандылыққа үндеген бұл игілікті ісіне алғыс жаудырды. Соңында Хамза қажы бата берді. Бата болғанда қандай төгілтіп, арғы-бергіні қозғап, кешегі Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай батырлардың ерен ерлігі, ел бірлігін сақтаудағы құдіретті істері, оны жалғастырып жатқан бүгінгі ұрпаққа айтар ғибрат, ақыл, өсиетті ақ батамен, ақжарылқап тілекпен жеткізгенде бүкіл жиылған дүйім жұрт сілтідей тынды.

Рәсім біткеннен кейін бүкіл ел жапырлап Хамза ағаның қолын қысып, рахметін жаудырып, шапағатты батасына ризашылықтарын білдірді. Қанжығалы Бөгенбай батыр ұрпақтары тебіренгендері сонша еңсесі биік құндыз бөрікті, әдемі де көрікті Хамза ағамызды бірінен соң бірі арнайы қонаққа шақырды.

– Пейілдеріңе рахмет. Алтай, Қарпықтың әруағыңнан айналайын, Арқа жерінде 40 жылдан артық қызмет жасадым, өз ұлдарынан артық қадір тұтты, сыйлап қастерледі, әлі күнге дейін төбесіне көтереді. Бүгін қайтып барамын, жолға билет алып қойып едім. Қанжығалы Бөгенбай батыр біртуар ірі батыр еді, оның ұрпақтарының да ірі кесек мінезін көріп риза болдым, нұр жаусын! – деді көңілденіп.

* * *

Сол жылдары қадір түні Астанада болып, кешке орталық мешітке бардым. Сол жерде Төлеген қажыны кездестіріп, екеуіміз ең алдымен Қаракерей Қабанбай батырдың кесенесіне, одан кейін Қанжығалы Бөгенбай мешітіне бардық. Түн жарымы ауса да мешітке жиналған қауым дін-ислам жайында әңгіме өткізіп отыр екен.

Бәрі жапа-тармағай амандасып:

– Хамза қажының жағдайы қалай? Сол қасиетті абыз атамыздың батасынан дәтке қуат алып, ақ тілегі құт болып, міне, дін аман жүріп жатырмыз. Сәлем айтыңыз, – деді Хамзекеңді сұрап, ыстық пейілдерін білдіріп жатты.

Ата сөзі – бата сөзі. Ақылдыдан даналық шығады, ақымақтан – балалық шығады. Хамза ағамды қадір түні сонау Астанадағы таныс-бейтаныстың бәрі сұрап, кісілігін, адамгершілігін, ақын-жыраулығын, батагөйлігін аңыз ғып айтып жатты.

Абыз ағам ел аузында, жұрт көңілінде аңыз боп тарапты.

* * *

Бір күні Қарасай батырдың қара босағасын ұстап отырған Асқар бауырымыз Шамалғанда құдайы тамаққа шақырды.

Қақ төрде Хамза аға бата беріп, әңгіме айтып, бүкіл қазақты бірлікке шақырған Сүйінбай өлеңдерінен төгіп-төгіп айтып, екі-үш сағат елжұртты аузына қаратты. Әдемі отырыс, ғибратты әңгіме!

Соңына таман Хамзекеңмен қатар отырған 75-ке келген қария сөз сұрап, таяғына сүйеніп түрегелді де:

– Хамзеке, кезінде Сізге тілім тиіп кетіп еді. Ағайынға өкпе жарасқан, үш жас үлкенсіз. Сізден мына қасиетті шаңырақта кешірім сұраймын! – деді. Сонда Хамзекең былай деді: «Жақсы адамның ашуы шәйі орамал кепкенше, жаман адамның ашуы бұл дүниеден өткенше» деген бұрынғы аталарымыз. Менде өкпе жоқ, бәрі бауыр. Сендердің әрқайсысың бір-бір тау, бір-бір шың, әркімнің көңілі аспанда. Таулардың басы бөлек болғанымен бауыры бірге. Мен кешірдім, бауырым. Сенің ел-жұрт алдында, мына қасиетті шаңырақта кешірім сұрағаныңның өзі нағыз кісілік, – деді. Хамзекеңді құшақтап, бетінен сүйді, екі қарттың көздеріне жас толып қалыпты.

* * *

Көпен Әмірбековтың құрастыруымен 2005 жылы «Хамза қажы» атты кітап шықты.

2008 жылы Абай атындағы опера және балет театрында Хамза Екейбаевтың 80 жылдығына арналған республикалық термешілер байқауы өтті, термеші Мақпал Тоқтағанова осы байқауда Бас жүлдеге ие болды.

Орысбай Әбілдаұлы Хамза ағасы туралы мөлдіретіп дастан жазды.

Енді Хамза қажы Екейбаевтың туғанына 90 жыл толуына байланысты Хамза аға туралы телефильмдер түсіру, таспаға жаздыру, Хамза қажы Екейбаев атына көше беру және басқа да жұмыстар күтіп тұр.

Иә, Хамза қажы Екейбаев жөнінде, ол кісінің парасаттылығы, жоғары имани-адамгершілік қасиеті жөнінде көп, өте көп айтуға болады.

Қасиетті Алатау бауырынан талай талант түлеп ұшқан, оның асқақ шыңдарынан өр мінез дарыса, тамылжыған табиғатына байланыстыау.

Асыл азамат Хамза қажы Тілеубайұлы Екейбаев ауыр науқастан 2005 жылы қайтыс болды.

Өмірдегі өз орнын тауып, халқының ортасында көппен сыйласып өтетін азаматтар Хамза ағамыздай болса, не арман бар?! Ол – ел құрметіне бөленген, халық есінде мәңгі қалатын асыл тұлға.



Шымкент қаласындағы Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті құрамындағы Академиялық инновациялық институтының құрылғанына биыл он жыл толып отыр. Заманауи оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы өскелең жас ұрпаққа терең де сапалы білім беру жолында ізденімпаздықпен еңбек етіп келеді. Мұнда тәлім-тәрбие алып жүрген студент жастар сан түрлі деңгейдегі білім, өнер, спорт бәйгелерінен жүлделі орындарды иеленіп жүр. Осы бір мерейтой қарсаңында біз аталмыш жоғары оқу орнының директоры, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Ермахан ҚЫСТАУБАЕВ мырзамен сұхбат құрған едік. Төменде соны оқырмандар назарына ұсынуды жөн көріп отырмыз.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ – ЗАМАНАУИ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ

– Ермахан Ибадуллаұлы, биыл Сіздердің жоғары оқу орындарыңыздың құрылғанына он жыл толады екен. Осыған орай мерейтойларыңызбен құттықтай отырып, сұхбатымызды білім ордаларыңыздың қысқаша тарихынан бастасақ дейміз.

– Шымкент қаласындағы Академиялық инновациялық университеті 2008 жылдың 2 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінде тіркеуден өтіп, АБ сериялы № 0062184 шектеусіз мемлекеттік лицензия иеленіп, инновациялық бағыттағы жоғары оқу орны ретінде ашылған болатын. Біздің жоғары оқу орнымыз 1937 жылы қаланған Оңтүстік өлкесіндегі тұңғыш жоғары білім ордасы, 1954 жылы Шымкент педагогикалық институты, 1993 жылдан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институты базасында мұрагер болып құрылған. 2012-2013 оқу жылдан бастап жоғары оқу орындарын оңтайландыру процесіне байланысты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінде тіркеуден өтіп, 2012 жылы 13 тамыздан бері АБ сериялы № 0142761 шектеусіз мемлекеттік лицензия иеленіп, Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті құрамында Академиялық инновациялық институты болып жұмысын жалғастырып келеді. Университет 2017 жылғы 15 мамырда 2022 жылғы 13 мамыр мерзіміне дейін институционалдық аккредиттеуден өткен.

Жоғары оқу орнымызды есімі республикаға белгілі білім, ғылым, спорт, қоғам қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жарылқасын Керімбекұлы Оңалбек басқарады. Бүгінде Академиялық инновациялық институтта үш факультет, тоғыз кафедра бар. Әскери дайындық кафедрасы жұмыс істейді. 36 мамандық бойынша жоғарғы білімді бакалаврлар және 21 мамандық бойынша магистрлер дайындалуда. 200 профессор-оқытушы 9000 студент жастарға тәлім-тәрбие беру жұмыстарымен шұғылдануда. Арнайы жабдықталған компьютерлік кластардағы барлық компьютерлер толығымен интернет желісіне қосылған және институт ғимараттарында Wi-Fi жүйесімен жабдықталған. Сонымен қатар студенттерге орыс, ағылшын тілдерін жете меңгерту мақсатында институтта лингофондық кабинет жұмыс істейді.

Заман талабы – әрбір адамзат баласының өз құқығын дұрыс білуден басталатыны айқын құбылыс. Осы мақсатта институтта криминалистика кабинеттері, заманауи үлгідегі сот залы, білімді тәжірибемен ұштастыру мақсатында биология, химия, информатика, физика және психология зертханалары, тігін және ағаш өңдеу шеберханалары жұмыс істейді. Институттың бес оқу ғимараты бар. Онда студенттік жатақхана, мәжіліс және спорт залдары, кітапхана, дәрігерлік пункт, асхана орналасқан. Кітапханамыз бакалавриат студенттерге, магистранттарға және профессор-оқытушылар құрамына сапалы ақпаратты ажырата алуына көмектесіп, кітапқа деген құрметі мен сүйіспеншілігін қалыптастыруда. Университет басшылығы кітапхана қорын жаңа оқулықтармен толықтыру мақсатында жыл сайын 3,5 миллион теңге қаржы бөліп отырады.

– Институттарыңыздың өзге жоғары оқу орындарынан басты ерекшелігі неде?

– Біздің миссиямыз – Оңтүстік аймақтың әлеуметтік жағдайын, инновациялық әлеуетін көтеру мақсатында білім, ғылым және тәжірибе арасындағы өзара байланысты дамыта отырып, қоғам мен бизнестің қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын бәсекелестікке барынша қабілетті білікті мамандар даярлау үшін терең де сапалы білім беру қызметін ұсыну болып табылады. Инновациялық бағыттағы білім ордасы Қазақстан Республикасы деңгейі жоғары оқу орындарымен терезесі тең дәрежеде жұмыс жасайды. Білім беру үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жүргізіледі. Институтта жоғары білікті мамандар дәріс береді. Олардың 60 пайызы академик, ғылым докторлары мен кандидаттар, доценттер мен профессорлар, Халықаралық, мемлекеттік жүлделердің иегерлері, әлемге белгілі ғалымдар, көптеген ғылыми заңдар мен болжамдарды ашқан ұлағатты ұстаздар.

Жарылқасын Керімбекұлы Оңалбек – педагогика ғылымының докторы, профессор, Академиялық инновациялық институтының президенті. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі тарапынан 2013 жылы **«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы»** атағының грант иегері, **«Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушысы»**, **«Қазақстан спортына сіңірген еңбегі үшін»** Құрмет белгісінің иегері, **Кентау**, **Түркістан қалаларының Құрметті азаматы, «Қазақстан Конституциясына – 10 жыл» мерейтойлық медалімен, «Оқу ісінің үздігі»** және **Ыбырай Алтынсарин атындағы** төсбелгілерімен марапатталған. Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың екі шақырылымының депутаты.

Ермахан Ибадуллаұлы Қыстаубаев – техника ғылымының кандидаты, доцент, Академиялық инновациялық институттың директоры, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерейтойлық медалімен, **«Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін»** төсбелгісімен марапатталған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2014 жылы **«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы»** атағының грант иегері.

Нағызбек Ордабайұлы Ордабаев – педагогика ғылымының кандидаты, профессор, **«Сырттай және қашықтықтан оқыту»** факультетінің деканы, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, 1996-2003 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде қызмет атқарған, **«Қазақстан Республикасы спорт және дене шынықтыру»** туралы заңының дүниеге келуіне өзінің сүбелі еңбегін қосқан.

Жақсылық Шурабекович Юсупбаев – ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты, доцент, аға оқытушы, **«Өнер және спорт»** факультетінің деканы. 2016 жылы **«Білім беру ісінің үздігі»** төсбелгісімен марапатталған.

Сүттібай Серманизұлы Серманизов – техника ғылымының докторы, профессор, бірнеше ғылыми жобалардың авторы, 2006 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының **«Жылдың ең үздік ғалымы»** атанып, **«Алтын қыран»** сыйлығымен және Дипломмен марапатталған.

Тілеуберді Қоңырауұлы Рисимбетов – ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор, Қазақ халық **«Экология»** Академиясының академигі, бірнеше оқу процесінде жоғары оқу орындарында қолданылатын оқулықтардың авторы.

Махалбай Ускенов – экономика ғылымының кандидаты, доцент, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2009 жылы **«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы»** атағының грант иегері.

Тілеуқабыл Жақсылықұлы Нұрымбетов – экономика ғылымының докторы, профессор бірнеше мемлекеттік ғылыми жобалар грантының иегері.

Қуандық Мейрамбайұлы Шекербеков – аға оқытушы, 2016 жылы **«Білім беру ісінің үздігі»** төсбелгісінің иегері.

Аққоңыр Нұрділләқызы Жылысбаева – химия ғылымының кандидаты, доцент, **«Жаратылыстану»** кафедрасының меңгерушісі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2009,2015жылдары – **«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы»** атағының грант иегері.

Айгүл Елемесқызы Қыдырбаева – ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты, доцент – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан 2018 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының грант иегері.

– Осында тәлім-тәрбие алатын студент жастардың арасынан сан түрлі білім, өнер бәйгелері мен спорт сайыстарында топ жарып жүргендері көп шығар.

– Білім ордамыздың студенттері Халықаралық, республикалық, облыстық байқауларда биіктерден көрініп жүр. Атап айтатын болсақ, Сымбат Қыдыр – жоғары оқу орындарының арасында өткен «Көктем аруы – 2016» байқауында, Сабина Бегімбет – 2016 жылы Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің дәстүрлі байқауында Бас жүлдені; Аида Адақова – «Тілдарын – 2017» қалалық байқауында бірінші орынды; Сабит Ябаев, Ерғали Ешбаев – Халықаралық дәстүрлі ән байқауында, Ерсултан Абдрахман – Жамбыл Жабаевтың 170 жылдық мерейтойына орай өткізілген «Ұлы даланың абыз ақыны» атты аймақтық жыр мүшәйрасында, Сабина Бегімбет «Кәнеки, тілім, сөйлеші!» атты облыстық байқауында екінші орынды; Қаламқас Сейілхан – облыстық «Арай-2016» жас эстрада әншілері байқауында, облыстық «Бозбала мен бойжеткен – 2017» байқауында Қасымжомарт Мамедәлі және Мадина Абдрашова үшінші орынды иеленіп, оқу орнымыздың мерей-мәртебесін асқақтата түскен. «Тұран» студенттер би тобы да өздерінің тамаша өнерімен көпшілікті тәнті етіп жүр.

Институт студенттердің білімін дамытуға, ғылыммен айналысуға, өнермен, спортпен шұғылдануға, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысуға, болашақ жолын айқындап, көзқарасын қалыптастыруға, жалпы адами капитал саналатын технологиялар ғасырының замандастары ретінде жан-жақты толық жағдайлардың жасалғанын баса айтуымыз керек. Студенттеріміз таланттарды айқындайтын Халықаралық, республикалық, облыстық бірқатар байқаулардың биігінен көрініп жүр. Сондай-ақ, құқықтану мамандығының студенттері облыстық, республикалық олимпиадаларға белсене қатысып келеді. Былтыр «Құқықтық – мемлекет құрудағы қылмыстық заңнаманың өзектілігі» атты республикалық олимпиада ұйымдастырғанбыз.

2008 жылы Шымкент қаласында өткен «Біздің авангард» жас дизайнерлер мен модельерлердің Халықаралық байқауында оқытушылар – Б.А. Досанова, Б.Е. Жорабекова, Н.Ж. Миржибаеваның «Асыл мұра» атты киім жиынтығы Бас жүлдені жеңіп алды. Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен 2009 жылы өткен «Менің Отаным – Қазақстан» атты жас суретшілердің байқауында Д. Яковлев екінші орынды еншіледі. «Қала және дизайн – 2009» атты республикалық жас дизайнерлер байқауында «Дизайн» кафедрасының студенттері – Елена Ким, Александр Либих «Балалар ойын алаңы дизайны», ал Бекназар Альжанов «Қоғамдық көлік аялдамасының дизайны» аталымдарының сыйлықтарымен марапатталған.

Біздің спортшы студенттеріміз де талай биік белестерді бағындырып жүр. Бағлан Іңкәрбек – фристайл-акробатикадан Бүкіләлемдік қысқы Универсиада чемпионы (Астана мен Алматы, 2017), Сергей Емельянов – ескек есуден Әлемнің бес дүркін чемпионы (Беларусь, 2016), Арман Оспанов – ережесіз жекпе-жектен Әлемнің үш дүркін чемпионы, қол күресінің шеберлері – Сейфулла Нұрқалықов (Жапония, 2005, Ұлыбритания, 2006) пен Жазира Ақпаева – (Италия, 2008, АҚШ, 2010) Әлем чемпионы, Талғат Ақтаев (Польша, 2015), Нұрдәулет Айдархан (Малайзия, 2015), Талғатбек Рстембек (Малайзия, 2015), Олжас Әндешпаев (Ұлыбритания, 2006) – Әлем чемпионатының жүлдегерлері; Ерік Мирзаев (Өзбекстан, Ташкент, 2009), Ғани Малбасов (Иран, 2010) – Азия чемпиондары, Бағдәулет Тұрманов – Азия чемпионатының жүлдегері (2008), таэквондошы Феруза Ергешова (магистр) Азия чемпионы (2010), Лондон Олимпиадасына қатысушы (Ұлыбритания, 2012), ауыр атлеттер – Майра Файзоллаева ауыр атлетикадан Азия чемпионатының қола жүлдегері (Таиланд, 2015), Еуропа кубогының қола жүлдегері (Италия), Дина Бауыржа-нқызы каратэ-до-дан Азия чемпионатының жүлдегері (Жапония, Ногая, 2015); Асқар Абдуллаев – бокстан жастар арасындағы Азия чемпионы; Назерке Алимбетова – еркін күрестен Қазақстан Республикасы ашық чемпионатының қола жүлдегері (2017); Людмила Исаева, Сана Анарқұлова, Медет Анарқұлов – волейболдан Қазақстан ұлттық құрама командасының мүшелері (магистр, 2012-2014) болған.

– Оқу процесі қалай жүргізіледі? Студент жастарға қандай жеңілдіктер жасалған? Талантты түлектеріңіз жайында не айтасыз?

– Институтта жетім балалар үшін 100 пайыз, жартылай жетім балалар үшін 50 пайызға дейін, көпбалалы отбасылардың перзенттері үшін 30 пайыз, Үздік диплом, Үздік аттестатпен бітіріп келгендер үшін 10-20 пайыз аралығында оқу төлемақыларынан жеңілдіктер жасалған. Бізде облыс әкімінің жолдамасы бойынша оқуға түскендер мен құрылтайшы грантының иелері тегін оқиды. Оқу төлемақысын бірден толық төлегенде 10 пайыз, Ұлттық бірыңғай тестілеуден 100 балдан жоғары жинағандар – 10 пайыз, 120 балдан жоғары жинағандар – 20 пайыз көлемінде күндізгі оқу түрінде оқитын студенттерге жеңілдіктер жасалған.

Жоғары оқу орнымыздың түлектері еліміздің түкпір-түкпірлерінде өз салалары бойынша жемісті қызмет атқарып жүр. Атап айтатын болсақ, облыс және қалалық әкімдіктерде, Ұлттық қауіпсіздік және салық комитеттерінде, ішкі істер басқармасында, қаржы саласында, компаниялар мен фирмаларда, сонымен қатар орта, арнайы орта және жоғары оқу орындарында еңбек етуде. Академиялық инновациялық институтында бакалавриаттар мен магистранттар даярлау бойынша Академиялық инновациялық институтының бәсекеге қабілеттілігі оның бай, үнемі жаңартылып отыратын материалдық-техникалық базасымен, оқу және тәрбие процестеріне ақпараттық-техникалық инновацияларды енгізу саласындағы уақыттан оза отырып дамуға бағдарланушылықпен айқындалады. Жоғары білікті мамандар даярлау мақсатында Аймақтық әлеуметтік инновациялық университетінің Академиялық инновациялық институты Мәскеу мемлекеттік ашық университетімен (Ресей), Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетімен (Шымкент қаласы), Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетімен (Түркістан қаласы) келісімшарт бойынша бірлесіп қызмет атқаруда. Білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған Халықаралық байланыстардың болуы, әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану, сапалы мамандар даярлауға ықпал ететін факторлардың бірі болып саналады. Біздің оқу орнымыздың әріптестері географиясының ауқымы өте кең, академиялық ұтқырлық бойынша Ресей, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, тағы басқа мемлекеттерінің оқу орындарымен келісімшарттар түзілген. Болашаққа сенімді қадам басу – білікті маман, білімді ұрпақ тәрбиелеуден басталады деген қағиданы ұстанған жоғары оқу орны Халықаралық байланысты нығайту арқылы әлем университеттерінің озық тәжірибелерін білім беруде оқу үрдісіне енгізуде.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа Үндеуінің Үшінші бастамасында: «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» деген болатын. Осыған орай 2018 жылдың күзіне таяу оқу ордамыздың студенттеріне 300 орындық жатақхана пайдалануға берілетін болады.

– Жақында Сіздердің жоғары оқу орындарыңызда тест орталығы ашылғанын естіп қалдық. Қуаныштарыңыз құтты болсын!

– Рақмет! Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 5 наурыздағы №85 бұйрығымен Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің Академиялық инновациялық институт базасында Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу пункті ашылып отыр. Бізде биылдан бастап Шымкент қаласындағы бірқатар мектептердің түлектері жоғары оқу орнына түсу үшін тест тапсыратын болады.

– Әсерлі әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Әбдісаттар ӘЛІП.



ИНСТИТУТ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:

Заң талаптарын сақтау
- *Кәсіби шеберлік*
- *Көшбасшылық*
- *Сапаға бейімділік*
- *Инновацияда және шығармашылықта белсенділік*
- *Қызметкерлер мен студенттерді ынталандыру*
- *Демократиялық рух және корпоративтік мәдениет*
- *Іскерлер командасымен жұмыс*
- *Тиімділік*
- *Өзара тиімді ынтымақтастық пен серіктестік*
- *Тәртіп*
- *Үнемі даму және оқу*
- *Сабақтастық*
- *Әдептілік пен адамгершілік*
- *Сыйластық*

Әлеуметтік патернализм, ардагерлерді қамқорлау және жастарды қолдау.





➢ **Созақ ауданына – 90 жыл**

ЫҚЫЛЫМ ЗАМАННАН КЕЛЕ ЖАТҚАН ӨҢІР



Әбдінағым КӨШЕР,
жазушы

Созақ жерінің тарихы туралы ойлансаң, алдымен осындағы көне шаһарлар еске түседі... Теріскейдегі бізге белгілі ең көне шаһарлар – Созақ, Құмкент, Ақсүмбе, Баб ата (баспасөзде Баба ата деп қате жазылып жүр. Бұрынғы аты – Қарғалық. Ысқақ бабтың құрметіне Қарғалық шаһары Баб ата болып өзгерген). Ал бізге белгісіздері – Өрқақпа, Тәрсәтөбе, Көктөбе, Қарғалық... Бұл шаһарлардың пайда болу уақытын тарих әртүрлі айтады. Қалай болғанда да бұл қалалар YIII ғасырдағы Жетісу мен Тараз аймағын Түргештерден Қарлықтар тартып алатын кезеңде де, олардың Жетісудан Әмудариядағы дейін алып жатқан «Қарахан хандығы» дәуірлеп тұрғанда да бар еді. Одан арғы замандарда да, бергі кезеңдерде де бұл шаһарлар талай жойылып, талай қайта өрлеген. Тарихта осындағы бірқатар шаһарлар туралы нақты деректер де аз емес. Тіпті, олар туралы тарихи туындыларда айтылады. Мысалы, жоғарыда аталған шаһарлардың ішінде Құмкентті алатын болсақ, ол туралы бір-екі дерек айта кетейік. Абылай ханның батырларының бірі Тәтіқара ақынның:

Кеше тоқыраулы судың бойынан,
Тоқал терек түбінен,
Ніл дарияның басынан,
Құмкент шәрінің қасынан
Перінің қызы перизаттан туған,
Қара Мерген атасы
Сөзімнің жоқ қатасы...

деп әрі қарай жалғаса беретін Абылай ханға арнаған өлеңі бар. Сосын Қадырғали Жалаиридың XYI ғасырдың аяқ таманында басталып, 1602 жылы аяқталған «Жылнамалар жинағының» «Едіге би дастаны» бөлімінде: «...оның ұлы Құтлу Қия, ол Құмкентте қайтты. Оның ұлы Едіге би...» деген шежірелік сөз бар. Бұл атақты би және қолбасшы, Алтын Орданың соңғы билеушісі, Орыс елінің Псков, Ярославль, Муром сияқты княздықтарын, Речь Посполитаға бағынып тұрған Украинаның Чернигов, Черновцы, Волынь, Польшаның сол кездегі Львов аймақтарын, Литва корольдігінің шығыс бөлігін, Сібір хандығын, Хорезмді өзіне қаратқан атақты Едіге би Құмкенттің тумасы. Осы тұлғаны тек ғана Созақ өңірі емес, сонымен бірге облыс орталығы – Шымкент шаһары да ескерткіш қойып, құрметтесе болар еді. Өңірімізде көңіл бөлмей жүрген осындай жайттар аз емес.

Отанымыздың көне дәуірдегі қалаларының қирау себебін ойласақ, ең әуелі моңғол-татар басқыншылығы еске түседі. Сол жайттардың қазақ тарихына әсер етуші оқиға болғандықтан қазіргі тарихшылар, ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, жазушылар, журналистер екі топқа бөлінді. Олардың біріншілері Монғол шапқыншылығын қолдап дәріптеушілер де, екіншілері оған қарсы тұрушылар. Мұның үстіне тарих бойынша қазіргі қазақ құрамындағы ру мен тайпалардың бір бөлігінің арғы бабалары моңғолдармен бірге келіп, осы жерді басып алғандар, екінші бөлегінің арғы бабалары осы жерді монғолдардан қорғағандар. Бірақ, осылар Шыңғысхан өлгеннен кейін 300 жыл өткеннен соң қарама-қайшылыққа қарамастан қазақ ұлтын құраушылар... Бұлардың айтыстары дұрыс емес. Қазіргі Қазақстан жері – исі қазақтың Отаны. Бұл жер моңғолдардан азап көрген жер. Сондықтан да дәл қазіргі кезде тарихи құжаттарға сүйенбей жаңсақ пікірлер айтуға болмас.

Шыңғысхан бастаған монғол шапқыншылығын кейбір тарихшылар: «Шыңғысхан әскері Найман хандығын тізе бүктіріп, Жетісуда біраз аялдайды. Содан Отырарға бірден шабуылдайды. Мұның себебі Отырар билеушісі Кайырхан Шыңғысханның жіберген саудагерлерін Хорезм шаһының бұйрығымен қырып салуы еді. Монғол әскерлері Құлжадан Отырарға жеткенше жолай ешбір шаһарға тиіспеген» деп жорамалдайды. Сосын тарихшылар «Шыңғысхан бұл аймақтың тек ғана үш қаласын – Сығанақты, Сауранды және Отырарды ойрандады» дейді. Ал шындығында қалай болды? Тарихты одан әрі ақтарып көрейік. Алғашында моңғолдар Жетісуға 1211 жылы келіп, бұл жерден қатты жеңіліске ұшырап қайтып кеткен еді. Бұдан соң араға бес жыл салып, 1216 жылы Жошы моңғолдарды басқарып меркіттерді басып-жаншып талқандауға Дешті-Қыпшаққа келеді. Ол Торғай даласында меркіттерді іздеп жүріп қыпшақтарға 60 мың әскермен Женттен жорыққа шыққан Хорезм падишаһы Мұхаммедпен кездейсоқ кездесіп қалып, қырғын соғыс болады. Олар күні бойы соғысып, түнде Жошы әскері шегініп Моңғолияға кетеді. Монғолдардың батысқа қарай жылжуы 1218 жылы қайта басталады. Осы жылы қаңлы, найман және керейт тайпалары жайлаған Батыс Алтай мен Жетісу жеріне жойқын соққы беріледі.

Отырар шаһары Хорезм мемлекетінің солтүстіктегі шекара бекеті болған. Сондықтан Шыңғыс әскерінің тарихын жазған хорезмдік ғұламалар өз мемлекетіне қарайтын Отырар, Сығанақ, Сауран шаһарларының монғолдардан қалай қирағанын баяндаған. Ал Марко Поло, Карпини сияқты жиһанкездердің сол кезде көзімен көріп жазып кеткен қираған қалалардың қолжазба тарихы туралы олар жақ ашпайды. Шәгәдәй мен Үгәдәй (қазақшасы – Шағатай мен Үкітай) әскерлері Отырарды алып, «...ондағы қорғанысшылардың бәрін өлтіріп, шаһардағы керек мүліктерін тонап, жермен-жексен етіп қиратады, ал ондаған мың тұтқындарды Ходжент пен Самарқанды алу үшін пайдаланады...».

«...Сырдария алқабын басып алуға жіберілген Джочүү (Плано Карпиниде Тоссук-кан, қазақша оқулықтарда – Жошы) әскері 1220 жылдың көктемінде Сығанаққа келеді. Жеті күн қоршаудан кейін монғолдар шаһарға басып кіріп, қаланы және ондағы іске асатын барлық мүліктер мен құрылымдарды тып-типыл етіп жермен тегістейді...». «...Қысқа мерзімде Ашнас, Үзген, Баршынкент, Жент және Сырдың төменгі жағындағы Жаңакентті тып-типыл етеді». «...Бұл кезде (1220 жыл) Субэдэй мен Джээбэ (қазақшасы – Сүбітай мен Жебе, Сүбітайдың мағынасы белгісіз, «жебе» сөзі қазақ тіліне монғол тілінен енген, егер қазақты түркі деп есептейтін болсақ, онда «жебе» түркі тілінде «пейкан») басқарған үшінші әскер тобы бес мың қолмен Бенакентті қиратып, Ходжентті қорғанысшылардың бәрін өлтіріп, шаһардағы керек мүліктерін тонап, жермен-жексен етіп қиратады, ал ондаған мың тұтқындарды Ходжент пен Самарқанды алу үшін пайдаланады...».

Орыс тіліндегі тарихи құжаттар былай дейді: «...Все эти события имели место зимой 1219-1220 годов. И весной 1220 года Джучи-хан оставался в Приаралье, в Дженде. А в 1221 году. взял после ожесточенного боя город Ургенч у Амударьи. **Дальше во главе многочисленного отряда отправился в поход степи Казахстана, где встретил сопротивления. В кровопролитном сражении монголы наголову разгромили их...**» делінген. Осы жорықта және жоғарыда көрсетілген Жентте өткізген толық бір жылда (1220) Қаратаудың теріскейіндегі шаһарлар қираған. Сосын тарихи құжатта «...Затем Чингизхан дал поручение Джучи продолжить завоевания в Восточной Европе, где его войска должны были соединиться с посланным туда Джэбэ и Субэдэем, но тот уклонился от его выполнения» делінген хабар да бар. Мұның үстіне тарих: «Монғол шапқыншылығының Қазақстанға тигізген зардаптары» деген еңбекте былай дейді: «Монғолдар халықты жаппай қырып-жою соғысын жүргізді. Қалалар мен елді мекендер, сәулетті сарайлар мен мешіттер, суландыру жүйелері әдейі қиратылды, өңделген егістіктер қараусыз қалды. Мыңдаған қолөнер шеберлері құлдыққа айдап әкетілді. Халық ашықты. Бұрын болып көрмеген қаталдық, жауыздық әрекеттерге жол берілді. Монғол шапқыншылығы жаулап алған елдерінің экономикалық және мәдени дамуына тежеу салды. Қазақстанның егіншілік және қалалық мәдениеті мешеу қалды». Сол шапқыншылық кезеңін көзімен көрген Марко Полоның айтуына қарағанда, монғолдар жаулап алған жерінде қалалардың «әскер енгізуге бөгет жасайтын қамал-қабырғалары мен қақпалары болуына рұқсат етпеді. Осылай ауыздықталған халық көнбіс келеді, бас көтере алмайды».

Сол аласапыран кездерінен соң Іле аңғарын басып өткен Вильгельм Рубрук былай деп жазады: «Бұл аңғарда бұрын көптеген қалалар болатын, қазір олардың біразын татарлар (монғолдар) қиратып, мал жаятын жайылымға айналдырған». Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати XVI ғасырда: «Моғолстанның кең-байтақ даласында көзге ілінерлік бір қала немесе елді мекен қалмады. Бұл жерде бұрын қалалар болғаны жайлы тек қана кітаптан немесе ауызекі әңгімеден ғана білуге болады» деп жазды.

Жетісу аймағында шапқыншылыққа дейін 200-ден астам елді мекендер болса, одан кейінгі XIII-XIV ғасырларда 20-жуық елді мекендер қалған; Баласағұн қаласының орны мүлде жоғалып кеткен. Міне, бұл жалпы оңтүстік-шығыс Қазақстан туралы болғаннан соң осы айтылғандар Созақ, Теріскей өңіріне де қатысы бар және осы өңірдің де тарихы деп білуіміз керек.

Моңғол әскерлері Дешті Қыпшақ пен Орта Азияға шапқыншылық жасарда олар әскери үш әкімшілік аймаққа бөлінген. Оң қанаты «барунгар», ортасы «құл», ал сол қанаты «жоңғар» деп аталды. «Барунгарге» соғыспен бағындырылған Татар, Танну, Тува, Тұнғұс, Танғұт, Енисей қырғыздары, Ақ қырғыздар (Хакасия) секілді солтүстік елдері, сол қанатқа яғни «Жоңғар» қанатына Халха, Шорас, Хойыт, Дүрбүн, Хошауыт, Дүрбіт, Торғауыт, Ойрат, Бұрат (бурят) секілді таза моңғол тайпалары, ал ортадағы «құл» қанатына соғыспен бағындырылған түркі жұрты, соның ішінде қоңырат, керейт, арғын, найман, дулат, ұйғыр жұрты кірді. Монғолдар ең соңында наймандарды бағындырып, қаңлы руы көп Орта Азияға ауыз салады. Осындағы сол қанаттағы таза монғолдар, яғни Шыңғыстың түп төркіні – жоңғарлар өздері жер бетінен құрып кеткенше Қазақ елі мен жеріне ойран салуын кешегі 1756 жылға дейін тоқтатқан жоқ.

Түркі жұртының XIY-XY ғасырлардағы қорғаушылары – Темірлан, Едіге, Тоқтамыс хандар бұл дүниеден өткеннен соң-ақ, түркі жұртына моңғолдар жорықтарын қайта жалғастырды. Жоңғар хонтайшысы Өзтемірдің Дешті Қыпшаққа жасаған жорығы үлкен Жоңғарлардан ең көп зардап шеккен және соғыс көрген біздің қазақ халқы. Қазақ тарихында белгілі хандардың барлығы да өмір бойы жоңғарлармен алысып өтті. Соның ішінде Созақ халқы да жоңғарлардан талай теперіш көрді. Мұндағы ең ауыры «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен тарихта қалған бұл аласапыран соғыс Созақ өңірін де жайпап кетті. «Қаратаудың басынан көш келеді, келген сайын бір тайлақ бос келеді, туған жерден айырылған жаман екен, екі көзден мөлтілдеп жас келеді...» деп зарлай айтылатын «Елім-ай» әні дәл осы Созақ өңіріне қатысты десек, қателеспейміз. Осы қырғында қасиетті Созақ өңірінде тірі адам қалмаған деп болжайды тарихшылар. Тірі адам қалмаса тірі шаһар қала ма? Мұндағы гүлдеп тұрған шаһарлар жермен-жексен болған.

Тарихтағы аты әйгілі «Аңырақай», «Бұланты» шайқастарында қатты жеңіліске ұшыраған жоңғарлардың аман қалған бөлігін Қытай әскерлері жер бетінен жойып жібергеннен кейін де Созақ өңірі тынышталмады. Бұл туралы қысқаша айтар болсақ, сол Жоңғардан құтылған қазақты және соның ішіндегі «Созақ өңірін 1770 жылдан бастап он жылдай қырғыздар қайта-қайта шапқан. 1779 жылы Абылай хан әскерлері қырғыздарды талқандап, басшысы Садырбаланы тұтқынға алады. Олардан Түркістан, Сайрам, Шымкент, Созақ шаһарлары босатылады. Сонымен бірге осы тұста Абылай Ташкентті де қазаққа қайта қаратқан еді» (national digital history).



Абылай хан 1781 жылы дүние салғаннан соң қазақтың жаулары қайта бас көтере бастайды. Бұхар хандығы мен Қоқан бектігі арасындағы Ұратөбе, Заамин, Жызақ, Шардара, Шыназ үшін болған соғыстан кейін Сырдария атырабы Сауранға дейін Бұхара әмірлігінің қол астына өтеді. Бұл жерде мынаны еске сақтау керек. Қоқан мемлекеті 1709 жылы пайда болғаннан бастап 1808 жылға дейін «Қоқан бектігі» делініп, оны басқарушылар «би» аталып келді. Қоқан бегі Әлім сол 1808 жылы мемлекетті «Қоқан хандығы», ал өзін енді бұдан былай қарай «хан» атауға жарлық берген. Ал оның алдында ғана Бұхара мемлекетінде хан болған Шаһ-Мұрат (1785-1800) өзін бұдан бұлай қарай «хан» демей «әмір» деуіне жарлық шығарып, Бұхар хандығы – «Бұхара әмірлігі» аталған еді. Енді осы екі хан туралы тарихтан азғана үзінді келтірейік. Тарих Қоқанның Әлім ханы туралы: «...народ не любил, называя его Алим-залим (Алим-тиран)...», «...во время похода против казахов Алимхан, покинутый почти всеми, был убит заговорщиками (1809) в 7-8 километре от Коканда...» десе, Бұхара ханының жақсылығы туралы «...1785 г. оказавщий в престоле, Шах-Мурад отказался от ханского титула, заменив его званием эмира, но не изменил своих привычек и своего образа жизни. Он по прежнему тратил на себя по одной танга (20 копеек) в сутки, одевался в самое простое и ветхое платье, ел скудную пищу, походах ночевал под старой рваной палаткой, ни у кого из знати не бывал на пирах, не принимал ни от кого подарков...» деп айтады. Осындай қарапайым адамгершілігі мол әмір тұсында Түркістан аймағы Бұхараға бағынып тұрды. Бірақ тарих былай дейді: «...На севере Бухарского ханства город Ташкент был занят кокандцами, а в руках бухарского эмира Хайдара остался город Туркестан. Весною 1815 года кокандский Омар хан выступил в Ташкент, откуда послал на Туркестан войска под начальством своего ташкентского наместника. Город был взят внезапным ночным нападением, а наутро кокандские войска начали грабеж населения...» Осындай басып алушылық сол жылы Созақ өңіріне де келіп, 1864 жылы бұл жерді орыстар жаулап алғанға дейін Қоқан тепкісін көрді.

Орыстың бұл маңайды басып алатынын Қожа Ахмет Ясауи алдын ала 800 жыл бұрын білген екен. Оның мынадай ғазалы бар: «1281 жылы орыс келер, Түркістанның атырабын басып алар» (хижрада – 1281 жыл, мелодийде – 1864 жыл). Ақ орыстың тепкісі аздай, төңкеріспен қызыл орыс келіп, оның езгісіне шыдай алмаған Созақ өңірі «Аллаху» көтерілісін жасады. Талай боздақ қырылды. Ұжымдастыру саясатында талай жан туған елінен жыраққа кетті. Одан қала берді ГУЛАГ лагері, 1936-1938 жылдардағы кісенделген ел зиялылары, Ұлы Отан соғысында шейіт болғандар мен тылдағы қиыншылықтар Созақ өңірін айналып өтпеді.



БІЗ ДЕ БІР ҰЛЫЛАРДЫҢ ҰРПАҒЫМЫЗ

Мұхитхан ҮМБЕТҰЛЫ:



(Жалғасы. Басы өткен санда).

– Есім хан мен оның замандастары туралы таратыңқырап айтып өтсеңіз.

– Құдайбердінің бәйбішесінен туған Түгелбай, Данай атты балалары тарихи жазбаларда сирек те болса кездеседі. Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, олардың Есім хан мен Жәңгір ханның сарбаздары қатарында қалмақтар мен қатағандарға қарсы шайқастардың ортасында болып, кеуделерін оққа төсегенін аңғарамыз. Олардың Ағынтай, Қарасай, Алатау, Жақсығұл, Елтінді, Марғасқа, Көксерек, Жиембет батырлармен бірге талай оқ пен оттың ортасында болғаны белгілі. Түгелбай, Данайдың Ботбай батыры Қанаймен, арғын батыры Бесімбет дос, сырлас болғаны туралы да әңгіме бар. Түгелбай, Данай батырлар Есім ханға ер-тұрманымен қос арғымақ тарту еткені жөнінде кешегі күнге дейін көнекөз, құймақұлақ қариялар әңгіме шертетін. Оған атақты инженер-тарихшы Мұхамеджан Тынышбаевтың жазбасы да нақты дәлел бола алады. (Тынышпаев М. История казахского народа. А.,1993). Қайраткер ғалымның жазып алған әңгімесіне қарағанда Тұрсын ханның бір қызын Түгелбай батыр алған. Бұл әңгімелерді Шымкент өңіріндегі Шошқабұлақ ауылының қариясы ошақты Базектен ғалым 1923 жылы жазып алыпты. Бұл дәлелдемелер Түгелбай батыр туралы шындықты аша түседі. Бұрынғы шежірелі қарттар Түгелбайдың қатағаннан қыз алғанын, оның жаугершілікте қырғыз ішінде қалғанын аңыз етіп айтып отыратын. Менің ізденіс-зерделеуім бойынша Түгелбай батыр Орбұлақ шайқасында опат тапқан сыңайлы. Оған оның сүйегінің Жетісу тарабында жатқаны (менің негіздемем бойынша) айғақ бола алады (Бәрін бір Алла біледі). Жетпей жатқаны ізденістің жоқтығы. Жанашыр жандар болса бабалар қойылған жер де табылар еді деген сенімдемін.

Түгелбай, Данайдың жастық шағы өткен жер табиғаты ғажайып Сайрамсу – Қарасора өңірі. Бұл аймақта Түркі қағанатының әскери қолбасшысы Қарашораның ордасы болған. Кейін бұл жерге Есім хан ордасын тіккен. Қарасора атауы Қарашораның бұрмаланған түрі. Ордаға жақын жерде Түргештер мен арабтардың шайқасының куәсі қасиетті "Мыңшейіт" менмұндалайды. Оған байланысты аңыз-әпсаналар да зерттеуден тыс қалып келеді. Төрткүлтөбе қамалының жанында Есім хан жерленген деген қойтастармен қоршалған мазарат орны бар. Ол бүгінгі күнге дейін сақталған.

Бұл туралы аңыз былай дейді. Есім хан өлерінің алдында бал аштырған екен, сонда оған сен өлген соң басыңды өртеп, күлін аттың жауырына себеді, содан сенің мына өтпелі дүниедегі істеген күнәң жуылады деген. Сіз сенерсіз, сенбессіз балгердің айтқаны айдай келіп, жаныс руының Қуандық атасының Байжігіт баласы Ерсары үш ғасыр өткенде көріпкелдің айтуымен сол қорымнан басты қазып алып, оны өртеп, жауыр болған атына күлін себеді. Содан тұлпары құлан-таза айығады. Оны көзбен көріп, тілдескен, басты қазғанда жанында болған адамдардың әңгімелерін 1975-1980 жылдары біз де тыңдағанбыз.

Елбасының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" ойтолғауында көтерілген "Қазақтың киелі жерлерінің географиясы" бағдарламасына бұл қасиетті жерлерді енгізіп, зерттеу нысанына айналдыру керек-ақ.

Мен айтып өткен Түгелбай шамамен 1602, ал Данай 1604 жылы өмірге келген. Түгелбайдың үлкен ұлы Әбдірахман (Әбді атаған – М.Ү.) байлығымен танылған екен. Жәңгір хан әскерін көлікпен қамтуда Әбдінің еңбегі ересен болған дейді бұрынғы көнекөз қариялар. Үшінші ұлы Сарыбатыр Қазығұрт бауырындағы Тұрбатта дүниеге келеді. Оның да тарихтан алар орны бар. Ол Жәңгір ханның сарбаздарының сапында болып, ерлігімен танылып, жасаққа қолбасшылық жасапты. Жәңгір хан оған барынша сенім артқан болуы керек, Есім хан әр кезде бүлік шығаратын қарақалпақтарды жуасытып отыру үшін оған қарақалпақ аймағының бір бөлігін басқаруға берген. Оған дәлел оның атымен аталатын қоныстың ғасырлар қойнауынан Кеңестер тұсына дейін сақталып жетуі. Бұл туралы деректер де бізге белгілі. Баба зиратының қайда екені ұрпақтар үшін әзір белгісіз. Ал әдебиетші Құралбек Ергөбеков «Сарыбатыр Қазығұрт ауданындағы Тұрбат елді мекенінде жасапты. Сүйегі де сонда қалыпты» – дейді. ("Өртең" №34. 8.11.2004 ж.). Бұл жорамал ғана. Өз заманының қаһарманы болған Сарыбатырдың үрім-бұтағы XIX ғасырда өмір кешкен "Жұлдызнама" кітабының авторы, қыр ғұламасы атанған әулие – абыз Бекасыл Биболатұлы (1821-1914) екенін де еске салайын.

– Төле бидің әкесі Әлібек туралы да әртүрлі әңгімелер бар. Кейде анығы қайсы, ақиқаты қайсы екенін ажырату қиын.

– Мен неге бабаларды тізбелеймін. Себебі олардың өмір сүру кезеңдерін салыстыра айқындап, жұртшылықтың бұл қалай деген сауалдарына жауап беру үшін дәлел-дәйектермен негіздеп, ой-пікір талқысына салып отырмын.

Ізденіс-зерттеуден тыс қалып, ұрпағына әлі танылмай келе жатқан қаншама айтулы тұлғалар бар. Сондай тұлғаның бірі тарих шаңына көміліп жатқан, шежіреде аты бар Құдайбердінің кенжесі бірегей перзенті – Әлібек туралы білетінімізді ортаға салайық. Әлібек бізге жеткен шежіреде Төле бидің әкесі. Ол менің тарихи мәліметтерді саралауым бойынша 1624 жылы қазіргі Жамбыл облысының Жайсаң жайлауында, Құдайбердінің ақ боз шаңырағында жарық дүние есігін ашыпты. XVII ғасырдағы Қазақ ордасы дәуірінде Түркістан өлкесінен талай-талай азулы да ақылман билер, даңқты хан-сұлтандар шықты. Олар мемлекеттің саясатын, рухани үрдісін жүзеге асырушылар болды. Сондай тұлғалардың бірі – хан кеңесінде төрелік айтқан, аузы дуалы ұлылық иесі, бітістіруші дипломат Әлібек би болған.

Қазақтың атақты Жәңгір, Тәуке, Иман, Абдолла, Қарт Әбілқайыр сынды хандарымен, Абылай сұлтан, көптеген батырлармен таныс-біліс болған Әлібек би өмірі тарихтың әлі ашылмаған беттері. Әлібектің Жәңгір мен Тәуке хан тұсында өмір сүргенін мына өлең жолдарынан да көреміз. Сауытбек пен Ақбөпенің айтысында мынадай шумақ бар:

Әлібек жаныс еді би болыпты,
Басқарып Ұлы жүзді игеріпті,
Қазыбек, Әйтеке би, Әлібекпен,
Заманы үшеуінің бір болыпты.
Бір мүшел Әлібек би үлкен екен,
Құрметтеп, "ағамыз" деп
сый беріпті.
Бір жағы Ұлы жүз деп сыйлайды екен.
Қадірлеп Әлібекті күнделікті...

Халқымыздың тұтастығына, бірлігіне өлшеусіз еңбек сіңірген қазақтың атақты үш ханымен үзеңгілес болған Әлібек би туралы деректемелер жоқ емес.

Құдайберді би қайтыс болған соң Есім хан ордасынан Әлібекті көреміз.

...Би сайланған Әлібек,
Құдайберді биден соң,
Опат болып жасында
Құдаймеңді ағасы...

деген жырда шындық бар. Шын мәніне келгенде Әлібек Жәңгір хан тұсында билік тізгінін қолға алады. Ақын-жыраулар да пенде ғой, бәрін аты дүркіреп тұрған Есім ханға тели берген.

Әлібек би Бұқар әмірлігі, Ресей патшалығымен мәмілегерлік саясат жүргізуде көрегенділік рөл атқарған. Оны Бұқар тарихшысы Мұхаммед Эминнің еңбегінен көреміз. Онда Субанхули ханның 1678 жылы өзінің елшісі Көшекей биді Ташкентке, Тәуке ханға жібергені баяндалады. Осында ұстамды саясат ұстанып, Көшекеймен келісім жасаудың ортасында Әлібек би болады. Әлібек бидің орасан зор еңбегі Тәуке хан тұсындағы "Жеті жарғы" заңдар жинағын түзіскені. Бүгінгі күнге дейін бұл заңдарды шығарып, қолданысқа енгізген Төле, Қазыбек, Әйтеке бастаған билер тобы деп жазып та, оқып та келеміз. Ұрпақтар санасына бұрмаланған тарихты егіп келе жатқанымызды басқа емес, тарихшы ғалымдар неге білмейді? **"Жеті жарғы" заңы – 1678 жылға дейін қабылданған. Енді есептей беріңіз, бұл кезде Төле үш, Қазыбек он бір, Әйтеке он үш жаста болатын.** Міне, кәмелет жасқа жетпеген бозбалалар қалай мемлекеттің әдет-ғұрып заңдарын жазған. Олар ержетіп, би дәрежесіне жеткенде заңға түзетулер, өзгерістер енгізіп жетілдіре түсуге өз үлесін қосқан. Бұл талассыз шындық. Алғаш "Жеті жарғы" заңын жазып, өз Тәуке ханмен бірге ел тұтқасын ұстаған ақиқатына келгенде Үлкен Ордадан Әлібек би, құрамадан Мұхаммед би, қатағаннан Жайман би, кіші жүз Керейіттен Мүсірәлі пір болған. Мүсірәлі кейін Тәуке ханның шешімімен үш орданың пірі атанған.

Міне, осыларды саралағанда Әлібек бидің Тәукенің оң қолы, ақылгөй-кеңесшісі болғаны көрінеді. "Жеті жарғыны" қабылдағанда Тәуке хан қырық жеті жаста (1631 жыл) екен. Ал Әлібек елу төрт жаста болыпты. Бұл кезде Төле бар болғаны үш жастағы сәби еді. Бұл дәлелді шынайы шындық.

"...Құдайберді өлген соң Әлібек би болды. Ол кезде қазақтар ханы Есімханның баласы салқам Жәңгір хан еді"– дейді шежіреші Зайыр Сәдібеков ("Қазақ шежіресі", Ташкент, 1994 жыл). Мұның бәрі Әлібектің Жаһангер хан кезінен билікке тікелей араласқанын айғақтайды. Мынаны да есте сақтауымыз керек, қазақ билерінің ешқайсысы да кездейсоқ адамдар емес.

Әлібектің, Ә.Кекілбаев ағамыз жазғандай, қатардағы шаруа емес, текті әулеттен, қазақ мемлекетінің нығаюы мен ұлт тұтастығының сақталуына ерекше үлес қосқан билер әулетінен шыққаны көрінеді.

Әлібек бидің атақты тұлға болғанын Майлықожа ақын жырынан да білеміз.

Атасы Төле бидің Әлібек-ті,
Айтылған олардың да даңқы көпті.
Жаныс жаныс болғалы үкіметтер,
Жұртты сұрап олардың бәрі де өтті,

– деп, бұл текті әулеттің бағасын береді.

1643 – 1644 жылдардағы ойрат – қазақ майданында Салқам Жәңгірдің от қарулы арнайы алты жүз жасағы болуы қазақ ордасының ғана емес, бүкіл Орталық Азияның әскери өміріндегі өзгеше оқиға. Бұл соғыс майданының бел ортасында қырғыздардың қолын бастап Тиес би жүрсе, қазақ қолының бір қанатында Әлібек бидің болғаны шындық. Ойрат-халха басқыншылығына қарсы күресте қазақ-қырғыз-өзбек одағы үстем шықты. Бұл соғыс Жәңгір сұлтан атын әйгілейді. Оған Салқам (Айбынды) Жаһангер аты таңылды.

Абылай ханның арғы атасы Абылай сұлтанға "Ғанишер – жолбарыс жүректі" (бұл сөзді ғылыми айналымға ұсынып жүрген түрколог С.Сахабат) деген ат берген Әлібек би деген де әңгіме бар. Бұл да Әлібектің өмір жолына дәйек бола алады. Кім қашан шығарғанын білмеймін оны кейінгілер "бүлікшіл", "қанішер" Абылай атандырды. Бұл ешқандай шындыққа жанаспайды. Абылай сұлтан Есім ханға бағынбаған, тәуелсіз болған. Себебі ол Есім ханның қол астынан басқа жерде болды.

Абылай Бұқар ханы Имамқұлыдан, яғни Әндіжаннан жер алып, соның қолдауына ие болды. Оның Тұрсын ханмен шайқастары, Имамқұлымен бірігіп Ташкентке жасаған шабуылы жөнінде деректер бар.

Міне, осы жаужүрек Абылаймен бірде тату, бірде қату қарым-қатынас орнатып екі ел арасында дәнекер болып, елшілік қызмет атқарған Әлібек би туралы маған кезінде Абылай хан ұрпақтары Сейдазым, Сейдалы Тұрғынбаевтар тарихтан көптеген сырлы әңгімелер шерткен. Сонда ғанишер Абылайдың шешесі мен бауыры Саржанның "Мыңшейітте" жерленгенін айтқан. Олар бабалар басына барып, жылда Құран дұғаларын бағыштап тұратын.

Абылай сұлтанға қарағанда Әлібек бидің өмірі басқашалау. Ол текті де, бай әулеттің шаңырағында қайғысыз өсті. Медіреседен ілім алды, шежірелі қарттардан, ділмар шешендерден өнегелі тәрбие көрді. Ұлық ұстаздар алдынан өтті. Бұл өмір мектебі оны қазаққа ғана емес, қырғыз, өзбек, қарақалпаққа да танымал етті. Әлібектің тағы бір ерлігі Орта Азия қалалары арасында сауда қатынасын жолға қоюға үлкен үлес қосқан. Атасының бұл ісін уақыты жеткенде немересі Ақбота (XVIII ғ.) барынша өрістеткен екен. Ферғаналықтар Әлібекті **"БЕК"** атауымен атаған. Ақиқаттан айнымас турашылдығымен танылып, даналығымен халқының жүрегіне жол тауып, ықыласына бөленген Әлібек бидей кемеңгерді танымай, зерттеуден тыс қалдырып келе жатқанымыз тарих үшін үлкен сын. 2018 жылы Әлібек бидің қайтпас сапарға аттанғанына (1698 ж.) 320 жыл болады.

Ғалымдар да, ұрпағы да Төле биді таниды, ал Әлібекті танытуға, тануға сүлесоқ. Әлібекті танымай Төлені қалай танисыз? Сондықтан бабалар өміріне түренді (ғылыми тұрғыда) мен салып отырмын десем, артық айтқаным болмас.

– Төле бидің ұрпақтары туралы деректер бір ізге түспеген сияқты ғой.

– Әлібектің үлкен ұлы Тыныбек туралы мәліметтер жұтаң. Бірақ қарияның сөзіне сенсек, бұл бабамыз бай да бақуатты, қайратты да жігерлі тұлға болған сияқты. "Әке көрген оқ жонар" дегендей, одан туған балалар оттай жанып, жалындап, Қазақ хандығы іргесінің кеңейіп, қалыптасуында елеулі рөл атқарған. Шежіреде Ақбота мен Шораны Тыныбектің інілері қатарында көрсетеді. Бұл шындыққа жанаспайды. Тыныбектің Ақбота, Ақшора, Абыл, Ырысбай есімді балалары болған. Бұл сөзімді ғылыми тұрғыдан дәлелдейік. Біріншіден, 1924 жылы Мұхамеджан Тынышбаевпен кездесіп әңгіме жасаған 70 жастағы Бөрібай ақсақал (1854-1855 жылдары шамасында туған) Ақботаның бесінші ұрпағы екенін жеткізген. Қарт сөзіне сеніп, аталар шежіресін тізбелесек, Ақбота Тыныбектің баласы болып шығады. Екіншіден, Ақбота Тыныбектің інісі болса, 1725-1726 жылдары Ходженттің билеушісі бола алмас еді. Себебі ол кезде 70 жастан асқан шал болар еді. Жүріп-тұруы қиын адамға бір шаһардың билігін кім ұстатады? Ал Ақшора (Шора атап кеткен) Тыныбектің інісі болса, 1742 жылы Абылай сұлтанды жоңғар тұтқынынан босатуға қалай барып жүр? Бұл кезде оның жасы да 70-ке иек артқан, егде қарт болар еді. Шежіреші-жазушы Момбек Әбдәкімұлы бауырымыз өз мақаласында Ақбота мен Ақшораны Әлібектің балалары қатарында көрсетеді. Осындай мәліметтер талас - тартыстарға алып келуде. Бүгінде бұлардың бәрін бір жүйеге түсіретін кез келді. Момбек жазғандай, Абыл Әлібектің баласы болса, қалайша ол 1739 жылы Ташкентке келген орыс керуенін қорғап жүр? Орыс жазбаларында оның шау тартқан шал емес, орта жастағы қайратты азамат екені көрінеді. Мәскеу, Орынбор архивтерінің деректері бұны жоққа шығарады. Сонымен қатар көптеген еңбектерде Бәйтік батырды Ақботаның баласы санатында көрсетеді. Бұл да негізсіз. Бәйтік – Ақботаның немересі, Ырысбайдың ұлы.

Тарихи деректерде Аралбай Әлібекұлы туралы мәліметтер бар. Оның Өмір атты баласы болған. Аралбай Ниязбектің шөбере ағасы екен. Нияздың бір баласы Әлдеберлі, оны жергілікті (ташкенттік) бектер у беріп өлтірген. Міне, бұл аталарға байланысты терең зерттеулер қажет.

Әлібектің тоқалынан Қарабай, Өтебай, Төлебай, Темірбай және Елібай деген ұлдар болған. Мұндағы шежіреден түсіп қалған Қарабай – Қазыбек бек Тауасарұлының шығармасында және Бұқар жыраудың толғауында аталатын бабамыз.

Ай, Абылай, Абылай,
Жаныс Қарабайдың үйінде,
Түнде туған ұл едің.
Үйсін Төле бидің,
Түйесін баққан құл едің, – деп қатты айтылатын Бұқар жырындағы сәби Абылайды ажалдан құтқарған осы Төле бидің ағасы Қарабай еді. Одан ұрпақ қалған-қалмағанын біле алмадық. Темірбай туралы да білетініміз аз. Ол туралы да бірді-екілі мәлімет бар. Абылай сұлтан ержетіп, алғаш жауға шапқанда осы Темірбайдың баптаған Сарыбесті атына ер салған екен. Бұл арғымақ талай жорықтарда Абылайды жау ортасынан алып шыққан шығар. Шежіреден қалыс қалса да, жазбалар мен жырларда бұл бабалардың аттары сақталып, бүгінге жеткен.

Өтебай туралы алғаш қалам тербеген – шежіреші-жазушы Момбек Әбдәкімұлы. Ол өз мақаласында былай дейді: "...Қара әңгіме мен шежіреге жүйрік қариялардың сөздеріне құлақ түрсек, Өтебай мен Төленің арасы үш жас". Өтебай 1660 жылы туған деп пікір айтады. Бұл шындыққа жанаспайды. Өтебай 1663 жылы дүниеге келген. Оны ұрпақ буындарын есептеу арқылы анықтауға болады.

Әлібектің зайыбы екеуі әулие аралап, Өтебайды Алладан сұрап алғаны туралы аңыз жеткен, бұл шындықтан алыс емес. Бұл да Әлібектің Өтебайды кеш көргеніне, яғни 1663 жылы оның дүние есігін ашқанына жанама болса да дәйек бола алады. Қоқан жазбаларының сарғайған қағаздарын ақтарып, Өтебай туралы қысқаша болса да мәліметтерге қол жеткізгендейміз. Оның Наманган Хуррамсарайының басқарушысының орынбасары болғанын білдік. Ол мұның алдында да түрлі қызметтер атқаруы мүмкін. Бұл тұста Ферғана қыпшақтары Шығай ханды өздерінің билеушісі (1743) санаған. Есім хан кезінен хандар әулетімен жақсы қатынаста болған. Әлібек әулеті Ферғана мен Ташкент уалаятында хандар жанында билік қызметінде болған. Өтебай да алғаш Тәуке ханның қызметінде болуы мүмкін. Абылай ханның тұсында ол көбіне Ташкент, Наманган тарабында Қоқан бегі Абдул Керимнің ықпалында болған сияқты. Оның өзіндік себептері болған. Өтебай баба шежіресінде де ауытқулар көп. Шежіреде Өтебайдан Құрманәлі, Қонысбай, Қуандықты өрбітеді. Қонысбайдан Ағайдар, одан Сасықбай батыр деп көрсетеді. Ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтылып тарап келген шежірелік мәлімет көздері ғасырлар бедерінде уақыт табының шаңына көміліп, күңгірт көмескі тартып, бірте-бірте ұмытыла бастаған. Содан ата тек тарқату үрдісі бұрмаланып, қайшылықтар туындаған.

Шын мәнінде Сасықбай да Өтебайдан туған болу керек. Оған дәлелді тағы да Қытай жазбаларынан табамыз. Онда 1758 жылы Төле бимен бірге жүрген Сасық батырдың аты аталады. Оның аты бірнеше жерде Сасықбай (Саса-кэ-бай), Сасық би атымен нақты көрсетіледі. Жазбаға назар аударсаңыз, онда аты аталғандардың Төленің жақын туғандары екені аңғарылады. "Жеті жарғыны" түзіскен билердің санатында қарақалпақ Сасық би деп аталып жүрген осы Сасық би - батыр. Әз Тәукенің тұсында ол жас болған, қазақтың билері кейін де осы "Жеті жарғыға" сүйеніп, билік шешімдерін шығарған. Сасық би де Төле бимен бірге ұлт, елдік мәселелерде көрегендік танытып отырған. Біздің оқымыстылардың қателігі – Сасық биді де "Жеті жарғы" заңдар жинағына автор етіп бекітулері дер едік. Қайсыбір жандардың Сасық би басқа, "Жеті жарғыны" жазысқан Сасық би (қарақалпақ) деген болған деп дауласулары мүмкін. Қалай десек те Әз Тәукенің Сасық би деген заң шығаруға үлес қосқан биі болған емес. Білетініміз Есім ханның тұсында қаңлы Сасбұқа деген би, батыр өткен. Біздің анықтай алмай жүргеніміз осы батыр болар. Зерделеуімізше, Сасықбайдан Ағайдар дүниеге келген.

Сасық батыр туралы "Әділет" (№18, 18.05.2016 жыл) газетінде тарихшы Болаттемір Алтаев мақала жариялағаны белгілі. Бірақ ол аталар шежіресіне үңілмеген. Дәлел-дәйектерді жеткізе алмаған. Сонда да болса оның пікірімен келісуге болады. Егер шежіреге сүйенген Сіздердің пікірлеріңізді жүйелесек, онда Төле бидің жанында жүрген Сасық би мына жарық дүниеде (1758) жүрмеген, яғни өмірге келмеген болар еді.

Енді Елібай туралы не білеміз? Білетініміз аз. Ұрпағы да бабасының қай жылы туғанынан бейхабар. Әзірше баба жөнінде қолға түскен дерек жоқ. Елібай атымен кездесетін мәліметтер бар, бірақ бұл сіргелі Елібай ма, жаныс Елібай ма, анықтай түсуді қажет етеді. Елібай туралы жазылған мақалалар қиял дүниесінен туған әпсанаға жақын. Елібай туралы көп нәрсе білмесек те оның бауыры Әлсейіт жөнінде, Ресейге елшілікке барған Айтбай батыр туралы, қазақ-жоңғар соғысының қаһарманы Бектемірдің ерліктері жазылған деректер қаншама құпияның бетін ашатыны ақиқат. Бұл деректер де қолымда бар. Әлі де бабалар ғұмырдариясын ашу үшін көп ізденістер керек.

– Төле бидің туылған жылы да әртүрлі жазылып жүр емес пе.

– Бүгінде Төле бидің 1675 жылы дүниеге келгені орыс, қытай деректері арқылы нақты дәлелденіп отыр. Оған дауласудың қажеті жоқ. Бұл – ақиқат. Тек оны ғылыми айналымға салып, оқу бағдарламаларына енгізу керек. Президент Н. Назарбаевтың сөзімен айтқанда "біз тарихтың ақиқаты жазылмаған тұстарын қайта қарап жатырмыз".

Дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық биліктің маңызды буыны, Би халық түсінігінде сот, төреші, батагөй, шешен, бітістіруші дипломат, елші ретінде ұғынылады.

Ал төбе би дәстүрлі қоғамда арбитр қызметін атқарған. Тәуке хан тұсында Еуропа елдерінің Парламентімен деңгейлес институт – билер кеңесі болды. Билер кеңесінің ең алғашқы мүшелерінің бірі – Әлібек би. Оның ұлы Төле бидің 1675 жылы туғанына мына дерек нақты дәлел бола алады. Қытай патшалығының әскербасылары – Моңғолдай мен Хешан 1758 жылы күзде Қасақшираны қуалап, қазақ жеріне келеді. Сонда олар өз жазбаларында былай дейді: "... 15-күні біз Төле бидің тұрған жеріне бардық. Оған болған жағдайды түсіндірдік. Бірге аттанып, түн ортасында Ташкент маңына жеттік. 16-күні олар Ташкентте бас қосып, қаладан шығып, бізбен кездесті. Төле бидің жасы 83-ке келді, Қойгелді болса 70 жасқа толған. Содан Төле бидің ұлы Жолан мен аталас бауыры Босұрманды (Мұсылман болу керек – М.Ү.) елші етіп, патшамен дидарласуға жіберуге келістік." Бұл мәліметті ешкім жоққа шығара алмайды. ("Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері", III том. Алматы, 2006 жыл.)

Тағы да сол Қытайдан табылған "1763-1764 жылдардағы қазақ хандығының жалпы ахуалы" деген құжатта "... Қазақтар мұсылмандар, олар үш бөлікке бөлінеді. .... Осы айтылған үш бөлімнің (үш орданың) барлығы толық Төле би, Абылай деген екі үлкен билеушіге бойсұнады. Ең үлкен билеушінің қоластында екі мыңнан аса жасағы бар. Бұлар ұдайы үш жүздің жерінде көшіп - қонып жүреді. Шу - Талас жерінде өздері тұратын бір қаласы бар. Олардың Қоқанның солтүстігінде Ташкент атты қаласы да бар," – дейді. Жылы, қаласы, адам аттарына дейін анық та нақты жазылып отыр. Егер 1663 жылы Төле дүниеге келсе, онда 1763 жылы ол 100 жасқа толар еді ғой. Ал бабаның 93 жыл ғұмыр кешкенін, аталар сөзі де, шежіре тарих та растай түседі.

Төле би 1675 жылы, Қазыбек 1666 жылы, Әйтеке 1665 жылы туған. Мұны тарихи құжаттар айғақтап отыр. Төленің жасы кіші, жолы үлкен. Оны Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің "Даналар" атты өлең жолдарынан да көреміз:

Қазыбек, Әйтекедей көсем өткен,
Әлдибек, Айтбай,
Майлы шешен өткен,
Жолы үлкен, жасы кіші Төле бидің
Әйтеке, Қаз дауысты Қазыбектен.

Қилы кезеңде, жан - жағынан қыспақта болған ел батырлары мен билеріне, ақындарының даналық сөздеріне арқа сүйеген. Келешектің көкжиегін алыстан болжаған Төле би өз заманының қоғам қайраткері, елінің, жерінің қамын ойлаған, қалмақ басқыншыларын қарсы күресті ұйымдастырған аса ірі тарихи тұлға, сөзге шешен, атақты би.

"Күлтөбенің басында күнде жиын" деп аталып кеткен сол жиынға 1695 жылдан кейін Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, қоралас Едіге би, үйсін Бүркіт би атсалысып, Әз Тәукенің жанынан табылып, "Жеті жарғы" әдет-ғұрып заңын жетілдіре түсті. Әзіз билердің шешімді ұйымдастыруымен Әз Тәуке хан Ташкент жазирасымен бірге 32 қала мен оларға жапсарлас жатқан жерлерді бағындырды. Төле би Тәуке, Иман, Абдолла, Әбілқайыр, Жолбарыс, Рүстем, Тұрсын, Әбілмәмбет, Сәмеке, Барақ, Әбілқайыр Қажыұлы сынды қазақтың асыл текті хандарымен, Қоқан бектері – Абдулкерім, Ерданамен, қырғыз, өзбек, қарақалпақ билеуші батырларымен, қазақтың көптеген қаһармандарымен жорықтас, серіктес, сырлас болды.

(Жалғасы бар).

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Ақпараттық білім беру орталығына қарасты № 8 оқу ғимаратындағы Гуманитарлық мамандықтар саласы бойынша кітапхананың меңгерушісі **Жанат Жәдігерқызы ЕРЕЖЕПОВА** мен №5 оқу залының кітапханашысы **Нұрлы Спабекқызы САУЛЕНОВАНЫ** туған күнімен шынайы құттықтаймыз! Сіздердің жұмыстарыңызға табыс, отбасыларыңызға бақыт тілейміз! Өскелең жас ұрпақты білім нәрімен сусындату жолында жемісті еңбек ететіндеріңізге сенімдіміз. Алдағы кезде де сан түрлі ізгілікті де игілікті іс-шараларды жиі-жиі өткізіп, студенттердің ізденімпаздықпен жұмыс істеуіне өзіндік сүбелі үлестеріңізді қоса беріңіздер.

Ақ ниетпен, бір топ әріптес құрбы-құрдастары.

➢ Бағдар

БОЛАШАҚҚА – КІТАПХАНА ЖОЛЫМЕН

Кітапхана – ғасырдан ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік парасаттылық пен білімділіктің, рухани байлық пен біліктіліктің киелі ордасы. Заманымыздың әр кезеңінде кітапханашы туралы ұғым жоғары болуы тиіс. Кітапхана ісі мәдениет саласы ретінде ақпараттық білім беру және мәдени-ағарту қызметінің негізі болып табылады. Бүгінде біздің Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Ақпарат білім беру орталығына (АБО) Динара Баймұханбетова басшылық жасап келеді. Динара ханымның кітапханаға қосқан үлесі аз емес. Әрқашан өз тәжірибесімен, білімімен бөлісіп отырады. Ахмет Байтұрсынов көшесіндегі №7 оқу ғимаратында электрондық оқу залын ашпақпыз. Гуманитарлық мамандықтар бойынша университеттің №7 және №8 ғимараттарында «Педагогика және мәдениет», «Филология» «Дене тәрбиесі және спорт», «Жаратылыстану» факультеттері орналасқан. Аталмыш оқу орнында оқырмандарға жылдам сапалы түрде қызмет көрсететін 2 оқу залы, 2 абонемент, электрондық оқу залы және ғылыми-библиографиялық бөлімдері бар екенін айта кету орынды. Соңғысында «Ирбис» катализатор» бағдарламасы 1995 жылдан бері заманға сай электрондық каталогпен жұмыс жасауға жүйеленген. Мұнда кітап қорының барлық сипаттамалары толығымен енгізілген. Кез келген оқырман картотекаларды ақтармай-ақ кітапханада өзіне керекті кітапты немесе тақырыпты еш кедергісіз уақытын үнемдеп қажеттісін тауып алуға мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар мұнда көп салалық сөздіктер мен анықтамалықтар, энциклопедиялар, библиографиялық құралдар орын алған.

Интернет ресурстарын пайдалануда ақпараттарға еркін және шексіз енуді қамтамасыз етіп, отандық және шетелдік базалардың сайттарынан ақпарат алуға мүмкіндік мол. **Біздің әрбір** өткен күніміз болашаққа жасалған қадамымыз болып табылады. Бүгінгі күнді қалай өткізсек, болашағымыз да соған лайық құрылады. Осы бір жағдай кітапхана мәселесіне де қатысты болып келеді. Біз XXI ғасырда өмір сүріп келеміз. Білім, ғылым, мәдениет, әдебиет, өнер мен жаңа технология қоғам өмірінде алдыңғы орынға шыққаны аян.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің құрамындағы АБО-да заман талабына сай кітапхана **оқырмандарға сапалы және тиімді қызмет көрсетуде. Толықканды ақпараттық**қа қол жеткізуге орай кітапханалар университет құрылымында ерекше орынға ие. Кітапхана қызметкерлерінің ақпаратқа деген сұранысының күрт өзгеруіне жылдам бейімделу, оқу және ғылыми қорлардың жинақталуына деген көзқарасы ерекше. Жаңа технологиялардың қолданылуы, жаңа пәндердің, жаһандық ақпараттық интернет желісінің пайдаланылуы, сондай-ақ мәдени және әлеуметтік салалардағы өзгерістер кітапхана жұмысына ықпалын тигізбей қоймайды.

Оқырмандар жаңа технологиялар негізінде барынша мол ақпараттық қызметке ие болып отыр. Мұнда электрондық тасымалдағыштарда ақпараттар қоры жинақталған: компакт-дискілер, бейнетаспалар, аудиотаспалар мен дискеттер. Электрондық ресурстар орталығында профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер интернетке қосылу арқылы алуан түрлі ақпараттармен қамтылады. АБО жаңа мамандықтардың ашылуы мен үнемі жас, жігерлі мамандармен толығып отырады. Сонымен қатар оқу жоспарларына сәйкес оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді иелену бойынша ауқымды жұмыстар атқарып келеді.

Кітапхана жұмысындағы жаңа технологияның басты мақсаты – студенттердің, профессор оқытушылардың сұраныстарын барынша толық қанағаттандыру, сондай-ақ тұтынушылардың ақпаратқа еркін енуіне көмектесу болып табылады. Оқу процесі мен ғылыми қызметті ақпараттық қамтамасыз етуді арттыру үшін АБО университеттің профессор-оқытушылар құрамымен тығыз байланыс орнатқан. Осы тұрғыда ақпараттық білім беру мақсатындағы іс-шаралар жиі өткізіледі.

Жуырда АБО-ның №8 оқу ғимаратының мәжіліс залында «Жалпы педагогика және этнопедагогика» кафедрасы мен кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Оңтүстік Қазақстан облыстық Ассамблея хатшылығы жанындағы ғылыми-сараптау тобының төрайымы, педагогика ғылымының докторы Асма Қалыбекованың жеке кабинеті ашылуына орай «Асма Қалыбекова және оның шәкірттерінің еңбектері» атты кітап көрмесі өткізілді. Сондай-ақ оқырмандардың сұраныстары мен тілектерін айқындау мақсатында кітапхана қызметкерлері университет кафедраларымен бірлесіп жұмыс жасауда. Сонымен қатар №7 ғимараттың оқу залына «Дене тәрбиесі және спорт» факультетімен бірлесе отырып педагогика ғылымының докторы, профессор, Халықаралық академияның академигі Мардан Сапарбаевқа арналған «Қалдырған ізің мәңгілік» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Онда ғалымның шығармашылығы мен ғылыми еңбектерін насихаттау барысында танысу бұрышы құрылды.

АБО оқу-тәрбиелік мақсатында түрлі іс-шаралардың ұйтқысы болып келеді. Университеттің құрылымдық бөлімшелері – факультет, кафедралармен бірлесе отырып түрлі әдеби-музыкалық кештер, қоғам қайраткерлері және ақын-жазушылармен кездесулер өткізіп, «дөңгелек үстел» мәжілістерін, пікірсайыстар арқылы студент жастардың рухани жағынан кемелдене түсуіне оң ықпал етуде. Сонымен қатар жаңа заман талабына ілесу – әрбір кітапханашының міндеті деп білеміз. Шәкірт санасына зор білім құятын құт мекен – кітапхана болса, ал кітапханашы – тіліміздің, рухани байлығымызды насихаттаушы мамандық иесі. Кітапханада жаңа түскен кітаптар мен жинақтардың таныстырылымы үздіксіз өтіп тұрады.

Жанат ЕРЕЖЕПОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті № 8 оқу ғимаратындағы Гуманитарлық мамандықтар саласы бойынша кітапхана меңгерушісі.
Шымкент қаласы.

➢ Балалар – біздің болашағымыз

«ЕРДӘУЛЕТ» ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНДЕГІДЕЙ ЕКЕН

Шымкенттегі №106 «Ердәулет» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының тарихы 1984 жылдан басталады. Сол жылы «Шымкентдорстрой» акционерлік қоғамының бірлестігіне қарасты балабақша болып ашылды. Оңтүстік Қазақстан мүлік жөніндегі аймақтық комитетінің 1995 жылғы 28 тамыздағы №731 қаулысымен №106 «Красная шапочка» балабақшасы «Шымкентдорстрой» АҚ-нан Шымкент қалалық білім бөліміне өткізілді. Балабақша меңгерушісі болып Г. Калжанова тағайындалды.

Бөбекжай-балабақша Шымкент қаласындағы 18-шағынауданда №79 а үйде екі қабатты ғимаратта орналасқан. Қазақстан Республикасының 2001 жыл 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» №148; 1999 жылғы 7 маусымдағы «Білім туралы» 1995 жылғы 19 маусымдағы №389; «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» №2335; 2006 жылғы 10 қаңтардағы «Мемлекеттік басқару деңгейлерінің арасында өкілеттіктерін шектеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір құқықтық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №116-III ҚРЗ заңына сәйкес Шымкент қаласы әкімдігінің қаулысымен 2006 жылдың 2 наурызынан «Шымкент қаласы әкімдігінің №106 «Красная шапочка» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Шымкент қаласы әкімдігінің №106 «Ердәулет» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны қайта аталды. 2007 жылдың 5 желтоқсанынан бастап Ұлбосын Уалханқызы Шалхарбек Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 232 бабы негізінде №33 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасынан ауысу түрінде №106 «Ердәулет» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі қызметіне тағайындалды.

2012 жылдың 7 тамызынан бастап Гульмира Абдрамановна Карибозова Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 232 бабы негізінде №38 «Қуаныш» бөбекжай-балабақшасынан ауысу түрінде №106 «Ердәулет» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі қызметіне тағайындалды.«Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы» куәлігі алғаш рет 2000 жылы 27 қазанда тіркелді. Тіркеу нөмірі №3935-1958-01-МК,бизнес-сәйкестендірме нөмірі БСН 0011040000835, анықтама берілген күні – 2013 жылғы 17 шілде. Балабақша өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Білім туралы», Қазақстан Республикасының заңдарын, Еңбек кодексін және тағы басқа да нормативтік-құқықтық актілерді, білім беру ұйымының Жарғысын басшылыққа алады. Шымкент қаласы білім бөлімінің №106 «Ердәулет» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жарғысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 5 шілдедегі №194 қаулысымен бекітілген. 2013 жылы 1 тамызда күрделі жөндеуден өткен.

Жұмыс қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Жобалық әлділігі – 230 орын, 12 топ ұйымдастырылған, 9 топ – мемлекеттік тілде, 3 топ – орыс тілінде, тізім бойынша бала саны – 315. Арнайы ән айтатын залы, әр топқа екі толық жабдықталған бөлмелер мен тазалық гигиеналық орындар бар. Аула өсімдіктерімен көгалдандырылған, таза ауада ойнап өсу жағдайы қарастырылған спорт алаңы, және жаз мезгілінде шомылатын бассейндер бар.

Жылу, телекоммуникация, су тасымалдау жүйелері орталықтандырылған. Жұмыс уақыты 10,5 сағат (8.00-18.30 дейін) бес күндік. Арнайы музыка және дене шынықтыру, монтесори бөлмелері бар. Асхана және шаруашылық бөлмесі, есепші, әдіскер, қазақ тілі, психолог, медбике бөлмелері бар. Ас дайындау, кір жуу бөлмелері, азық-түлік сақтау қоймалары қажетті техникалық құралдармен жабдықталған.

Балабақшада оқу тәрбие жұмысын 35 педагог атқарады: 31 жоғары, 4 арнайы орта білімді. Тәрбиешілердің арасынан Мақтагүл Борибекова, Динара Балабаева, Гүлжанар Калыбекованың ерен еңбектерін атап өтуге болады. Ән айтып, би билеп, спорттық сайыстарда айрықша көзге түсіп жүрген Мансур Мухитдинов, Томирис Умирзак есімді балақайлар бар.

Енді осында тәрбиеленіп жүрген балақайлардың ата-аналарына сөз кезегін берейік. «Самал-2» шағынауданындағы №3 үйдің тұрғыны Флора Максудова:

– Бес жылдан бері Данис деп аталатын немеремді осында жетектеп әкеліп тұрамын. Ол – «Мұрагер» тобының тәрбиеленушісі. Мұндағы барлық жұмыс: педагогикалық, психологиялық, тәрбиелік, сауықтыру, бәрі-бәрі өте жақсы жолға қойылған. Балабақшаның аумағы, әдістеме және медицина кабинеттері, асханасы таза әрі жинақы. Кішкентайлардың тәртібіне, ойынына, зейініне деген қамқор көзқарас жоғары деңгейде. Мектепке үлкен дайындықпен апаруға барлық күш-жігерін аямастан жұмсап жүрген жандардың бәріне алғыс айтамыз. Әсіресе балабақша меңгерушісі, білімді де білікті басшы Гульмира Карибозоваға деген ризашылығымыз шексіз. Жұмыстарыңыздың табысты, өмірлеріңіздің бақытты болуына ізгі тілектестігімізді білдіреміз.

Зейнеткер Нұрдәулет Тұрсумбеков:

– Нұрайым қызым тәлім-тәрбие алып жүрген балабақша ұжымының қызметкеріне ризамын. Пейілдері де, көңілдері де таза. Сан түрлі мерекелік іс-шараларды да өз деңгейінде өткізіп тұрады. Мұндағы балақайлардың жақсы тәрбие алып, мектепке ойдағыдай дайындықпен баратынына бек сенімдімін.

Гүлнара Санаева:

– «Балапан» тобына баратын баланың ата-анасы ретінде бөбекжай-балабақшасына өзімнің ризашылығымды білдіргім келеді. Себебі мұнда бәрі де өз орнымен, өз ретімен қойылған. Балалардың жатын орны, асхана, музыка залы, бәрі-бәрі тап тұйнақтай таза. Олардың ойнап, демалып, тынығулары үшін толық жағдай жасалған. Тамақ жағы да жақсы.

Мұндағы ұжым өте ұйымшыл екен. Тәрбиешілері тәжірибелі де тәлімді. Бөбекжай балабақшаның меңгерушісі Гульмира Абдрамановна – білімді де білікті басшы. Барлық ата-аналардың атынан олардың жұмысына табыс тілейміз!


Г. Карибозова

Дана Аримбекова:

– Адина атты қызым «Балдырған», ал Заңғар есімді ұлым «Ертестік» топтарына барады. Бұл балабақшаны таңдаған себебіміз: сырты да, іші де тап-таза, жинақы екен. Мұндағы тәрбиешілер де, аспаздар да өз жұмыстарына асқан ұқыптылықпен қарайды. Әсіресе ұжымды іскерлікпен басқарып отырған Гульмира Карибозованың көпшілікпен етене тіл табысатын кішіпейілдігіне дән риза болдық. Балаларымызды ізгілікке үйретіп, тәлімді болуға тәрбиелеп жүрген апайлардың жұмысына табыс тілегіміз келеді.

18 шағынаудандағы №6 үй, 29 пәтердің тұрғыны Татьяна Ильинична Вискампа:

– Перзенттерім «Балауса» және «Құлагер» топтарында тәрбиеленіп жүр. Мұндағы тәлім-тәрбие жұмыстары жақсы жолға қойылған. Балабақшаға келгенде бейнебір Ертегілер еліне енгендей көңіл күйде боласың. Кішкентайлардың шат-думанға толы ойындарын көргенде марқайып қаласың. Өздерінің күнделікті жұмыстарына асқан ұқыптылықпен, жоғары жауапкершілікпен қарап жүрген балабақшаның басшысынан бастап тәрбиеші, күтуші, медбике, аспаз, бәріне-бәріне жүректен шыққан алғыс сезімімізді жеткізсек дейміз.

Медбике Раиса Утебаева:

– Балабақшамыздағы кішкентай бүлдіршіндердің денсаулығын жіті қадағалаймыз. Олардың тамағының тоқ, көңілінің шат болуы жолында тынымсыз еңбек етіп жүрген әдіскерлер, психологтар, тәрбиешілер, күтушілер, аспаздар, бәріміз-бәріміз қашанда өз жұмысымызға асқан жауапкершілікпен қараймыз. Ет, сүт, балық, жеміс-жидек өнімдерін күнделікті жаңа түрін алып отырамыз.

Шаруашылық жұмыстары жөніндегі меңгеруші Күнсұлу Жаңабаева:

– Осында жеті жылдан бері жұмыс істеп келемін. Балабақшаның ауласына шынар, шырша секілді көпжылдық саялы ағаштар отырғызғанбыз. Күрделі жөндеу жұмыстарын жүргіздік. «Атамекен» корпорациясының көмегімен балабақшаның жанынан тұрғын үй кешенін салып алдық. Білімді де білікті басшы Гульмира Карибозованың асқан ұйымдастырушылық, іскерлік қарым-қабілетінің, ата-аналармен, билік басындағылармен, кісіпкерлермен етене тіл табысуының арқасында көптеген игілікті іс-шаралар атқарылуда.

Иә, шындығында да «Ердәулет» бөбекжай балабақшасының өмірі нағыз ертегідей екен. Біз соның куәсі болып қайттық.

Сабырбек ТҰРЛЫБЕК,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Желідегі жігіттен



Сен отырсаң желіде онлайн боп,
Сырға толы хаттарымды
жолдаймын көп.
Саған деген сезімім артқан сайын,
Жалынды жырларымды арнаймын көп.

Ұйқы қалып жайына баратсам да,
Мейлі таң атса да, атпаса да.
Асығамын алуға телефонды,
Ұрлана кіре берем парақшаңа.

Қарай берем нешеде кіргеніңді,
Білсең деймін сені қалай сүйгенімді.
Сенсіз жүрген мына ғашық
жүрекпенен,
Өткіземін күнде мұңды түндерімді.

Сенсіз өткен күндерім қараңғылық,
Адастым ғой есімнен санам құрып.
Тек өзіңде ашар кілті жүрегімнің,
Бұл жүректе орнаған қара құлып.

Таусылған төзімімнің жоқ керегі,
Тек өзіңсің бұл жүректің меңзегені.
Ғашық еткен сенің сұлу жүрегіңнің,
Мен болдым ба сондағы сезбегені?!

Күн сайын...
Кездескенмен желіде танысқанбыз,
Жақындамыз, бірақ та алыстамыз.
Қорғансыз құлпымыздың кілттерін,
Бірімізге-біріміз табыстармыз...

Қуанышбай ҚАСЫМ-ЖОМАРТ.

ӘДІЛЕТ
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым
Меншік иесі:
“Тасс-Media” ЖШС
Директор - Бас редактор
Захардин ҚЫСТАУБАЙҰЛЫ

Бас редактордың орынбасары
Әбдісаттар ӘЛІП
Редакция алқасының төрағасы
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ
(Алматы)
Редакция алқасы:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Әбдінағым КӨШЕР
Қуанышбек БОТАБЕК *(тілші)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Ажар ҚАБЫЛОВА *(офис менеджері)*

Мекен-жайымыз:
ОҚО,
Шымкент қаласы,
Ш.Уәлиханов к-сі
227-үй.
Байланыс үшін тел:
8 (7252) 57-65-79
8 701 394 46 46
8 702 127 91 30
8 702 504 67 90
E-mail:
zhangyru@mail.ru
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.

Мақала жазбагерінің пікір редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 2000 дана. Тапсырыс - 1097.